



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



15 НАУРЫЗ
МАРТА
РЕФЕРЕНДУМ
Ордабасында дауласымас кеңестің!
Бәйбітін талас қандағы өз елің!

ELECTION.GOV.KZ

№8 (648)
19 АҚПАҢ,
БЕЙСЕНБІ
2026 ЖЫЛ

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ

ЦИФРЛЫҚ
ӘЛЕМДЕГІ
ДӘРЕЖЕСІ
ҚАНДАЙ?



3

Қазақ тілі – ғасырлар қойнауынан жеткен қастерлі қазына, ұлттың жаны мен жүрегінің дүрсілі. «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген аталы сөз бар. Бүгінгі жаһандану заманында сол сөздің салмағы бұрынғыдан да ауыр. Себебі қазіргі әлемде ұлттың рухани шекарасы тек географиялық кеңістікпен емес, цифрлық кеңістікпен де өлшенеді.

Интернет, әлеуметтік желі, жасанды интеллект, онлайн білім – мұның бәрі бүгінгі ұрпақтың күнделікті тынысына айналды. Ендеше қазақ тілінің осы жаңа әлемдегі орны қандай?


Атақты академик Асқар Жұмаділдаев «Егер біз жаратылыстану ғылымдарын тек қана ағылшын тілінде өткіземіз десек, онда біз тілден айырылдық деп есептеңіз» деген екен. Ендеше, біздің мақсат осы болу керек.



ТРЕНДТЕГІ ТІРШІЛІК МАҒЫНАСЫЗ ЕЛІКТЕУ МАЗАҚҚА ҰШЫРАТАДЫ

Әлеуметтік желі бетін аша қалсаң, тәрбиелік мәні жоқ трендтер мен мағынасыз бейнежазбалар легі шетсіз, шексіз жалғаса береді. Көптің назарын аудару, лайк жинау, жұртты таңғалдыру – кей адамдар үшін өмірлік мақсатқа айналғандай. Тіпті тренд қуалау күнделікті тіршілік формасына айналып барады. Бірақ әрбір тренд тұлғалық өсімге апара ма? Әлде ар-намыс пен ішкі шекараны жұқартып, мазаққа қалдыра ма? Жас буын неге ел назарын өзіне аударуға құштар? Ең басты сұрақ: біз желіні басқарамыз ба, әлде желі бізді басқара ма?

5



32 ЖЫЛ КҮТКЕН АЛТЫН ЖҮЛДЕ

1994 жылы Норвегияның Лиллехаммер қаласында өткен Олимпиадада 50 шақырымға классикалық әдіспен жарысудан Владимир Смирнов көк туымызды көкке көтеріп, қазақ халқына алтын медаль сыйлаған болатын. 32 жыл артта қалды. Осы уақыт аралығында қазақ спортшылары қысқы Олимпиада ойындарынан бірде-бір алтын медаль қоржынға салмады.

... 2026 жыл. 14 ақпан. Италия елінде XXV қысқы Олимпиада ойындары. Әлемнің үздік мөнерлеп сырғанаушылары мұз үстіне беттеді. Бұл қатарда біздің мақтанышымыз Михаил Шайдоров та бар. Кезегі келіп мұз үстінде сырғанап сурет салған сары баланың өнері көпті тәнті етті. Көрермен ыстық ықыласын жеткізді. Бірақ бағдарлама қорытындысымен 92,94 ұпай жинап, бесінші орыннан табылды. Ал еркін бағдарламада спортшымыз төрешілердің шешімімен 198,64 ұпай жинап, жалпы есепте 291, 58 ұпайға қол жеткізді. Осылайша алтын бала қазақ халқына 32 жыл күткен алтын медальді сыйға тартты.

7-БЕТТЕ

ТОЙ МЕН ОЙ: АСАБА ӘДЕБІ

Қазақ әлімсақтан сөз өнеріне ерекше мән берген. Тарих тереңіне бойласақ, оған мысал жеткілікті. Сөйткен бабаларымыз бүкіл өнер атаулының алдына «Өнер алды – қызыл тіл» деп бекерден-бекер айтпаса керек-ті. Әйтпесе қантөгіске ұласқалы тұрған талай дау-дамайды орамды ой, ұтымды сөз арқылы шешкен бұрынғылардан «Ел бастау қиын емес, қонам деген жерден көл табылар, қол бастау қиын емес, шабам деген өрге жау табылар, бәрінен бұрын алқа топтың, аламан жұрттың алдында сөз бастау қиын, тауып айтсаң береке, таппай айтсаң келеке боласың» деген ғибрат қалар ма еді?! Мұны неге айтып отырмыз. Себебі – бүгінгі асабалардың тойдағы ерсі қылығы, өресінің төмендігі. Оған аузынан шыққан әрбір сөзінің тым жеңіл болып кеткенін қоссаңыз болады. Сондықтан осы бір тақырыпты кеңінен тарқатқанды құп көрдік.



4

«ШОЛПАННЫҢ КҮНӘСІ»: ТАҒДЫРДАН ТЕПЕРІШ КӨРГЕН

8-БЕТТЕ

ҚҰМАР ОЙЫНЫ ҚҰРДЫМҒА ЖІБЕРДІ

2



БҮГІН — ОРАЗАНЫҢ БІРІНІШ КҮНІ

Рамазан – рухани жаңғыру мен қайырымдылық айы. Биыл Рамазан айы 19 ақпанда басталады. Ал наурыз айының 16-нан 17-не қараған түн – қасиетті Қадір түні. 20 наурыз – Ораза айт мерекесі. Сондай-ақ биыл мұсылман қауымы 29 күн ораза ұстайды. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында қасиетті айға жоспарланған игі шаралар жөнінде облыстық дін мәселелерін зерттеу орталығының директоры Бекзат Каппаров пен ҚМДБ-ның Қызылорда облысы бойынша өкілі, «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің бас имамы Дастан Құрманбаев баяндады.



БҮГІН – ОРАЗАНЫҢ БІРІНШІ КҮНІ



muftiyat.kz

Рамазан

Ораза кестесі

Һижри 1447 жылы

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ

РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	АҚПАН	ТАҢ (Сәресі бітетін уақыты)	КҮННІҢ ШЫГУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (ауызашар уақыты)	ҚҰПТАН
1	Бейсенбі	19 Ақпан	06:12	07:30	12:55	16:29	18:14	19:32
2	Жұма	20 Ақпан	06:11	07:28	12:55	16:30	18:16	19:34
3	Сенбі	21 Ақпан	06:09	07:27	12:55	16:32	18:17	19:35
4	Жексенбі	22 Ақпан	06:07	07:25	12:54	16:33	18:19	19:36
5	Дүйсенбі	23 Ақпан	06:06	07:23	12:54	16:34	18:20	19:38
6	Сейсенбі	24 Ақпан	06:04	07:22	12:54	16:35	18:21	19:39
7	Сәрсенбі	25 Ақпан	06:03	07:20	12:54	16:37	18:23	19:40
8	Бейсенбі	26 Ақпан	06:01	07:18	12:54	16:38	18:24	19:41
9	Жұма	27 Ақпан	05:59	07:17	12:54	16:39	18:25	19:43
10	Сенбі	28 Ақпан	05:58	07:15	12:54	16:40	18:27	19:44
11	Жексенбі	1 Наурыз	05:56	07:13	12:53	16:41	18:28	19:45
12	Дүйсенбі	2 Наурыз	05:54	07:12	12:53	16:43	18:30	19:47
13	Сейсенбі	3 Наурыз	05:53	07:10	12:53	16:44	18:31	19:48
14	Сәрсенбі	4 Наурыз	05:51	07:08	12:53	16:45	18:32	19:49
15	Бейсенбі	5 Наурыз	05:49	07:06	12:52	16:46	18:34	19:51
16	Жұма	6 Наурыз	05:47	07:04	12:52	16:47	18:35	19:52
17	Сенбі	7 Наурыз	05:46	07:03	12:52	16:48	18:36	19:53
18	Жексенбі	8 Наурыз	05:44	07:01	12:52	16:49	18:38	19:55
19	Дүйсенбі	9 Наурыз	05:42	06:59	12:52	16:51	18:39	19:56
20	Сейсенбі	10 Наурыз	05:40	06:57	12:51	16:52	18:40	19:57
21	Сәрсенбі	11 Наурыз	05:38	06:55	12:51	16:53	18:41	19:59
22	Бейсенбі	12 Наурыз	05:36	06:54	12:51	16:54	18:43	20:00
23	Жұма	13 Наурыз	05:35	06:52	12:51	16:55	18:44	20:01
24	Сенбі	14 Наурыз	05:33	06:50	12:50	16:56	18:45	20:03
25	Жексенбі	15 Наурыз	05:31	06:48	12:50	16:57	18:47	20:04
26	Дүйсенбі	16 Наурыз	05:29	06:46	12:50	16:58	18:48	20:05
27	Сейсенбі	17 Наурыз	05:27	06:44	12:49	16:59	18:49	20:07
28	Сәрсенбі	18 Наурыз	05:25	06:42	12:49	17:00	18:51	20:08
29	Бейсенбі	19 Наурыз	05:23	06:41	12:49	17:01	18:52	20:10

ЕСКЕРТУ:

- **Оразаға ниет:** Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.
- **Ауызашар дұғасы:** Ұа, Жарлқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәукем еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым. Ұа, көшірмді Алла! Менің бұрынғы және кейіңі кұнарларымды кешірі!
- Сақтық үшін сәресін 10 минут ерте жабу.
- Пітір садақасы жан басына 735 теңге.
- Пітір садақа және садақаны KaspiBank, HalykBank, ForteBank, Банк ЦентрКредит, Alatau City Bank, Bekeke Bank мобильді қосымшалары және Қапшота арқылы аударуға болады.
- **Қадір түні** – наурыз айының 16-нан 17-не қараған түн.
- **Ораза айт** – 20 наурыз.



Рамазан кестесін MuftiyatBot телеграм чат-боттан жүктеп алыңыз

Call орталық 24/7 +7(707)233 30 30

– ҚМДБ төрағасы, Бас мұфти Наурызбай қажы Тағанұлы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Төралқа мәжілісінде хабарлағандай, Түркі мемлекеттері ұйымына қарасты

Мұфтилер алқасы жанындағы Пәтуа кеңесінің және ғылыми зерттеулер нәтижесін ескеріп, ортақ шешім қабылданды.

Биылғы пітір садақасының

мөлшері 735 теңге болып белгіленді. Ханафи мәзһабы бойынша Рамазан айында мұсылман адамның өзі және отбасындағы әр адам үшін пітір садақа беруі – уәжіп. Оны өзінің қажеттілігін қоспағанда мал-мүлкі, дүниесі күміс нисабына (595 гр) жеткен адам береді. Пітір садақаның мөлшері еліміз бойынша 2 келі ұнның орташа бағасымен есептелді. Ал ұнның бағасы ҚМДБ-ның қала және облыс өкілдіктерінің берген мәліметі негізінде анықталды. Пітір садақасын құрма, мейіз бағасымен де беруге болады, – деді бас имам.

Пітір садақа еліміз бойынша 2 келі ұнның орташа нарықтық бағасына негізделіп есептелген. Сондай-ақ садақаны бидай, арпа, мейіз немесе құрма бағасымен де беруге болады. Мәселен, 2 келі бидай – 318 теңге, 2 келі ұн – 735 теңге, 4 келі арпа – 514 теңге, 2 келі мейіз – 6400 теңге, ал 4 келі құрма – 12400 теңге болып бекітілген. Бай, ауқатты жандардың мейіз немесе құрмамен бергені абзал екені айтылды. Бүгінде бидайдың өзі емес, ұн, талқан секілді оның өнімдері кең қолданылады. Сол себепті Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы пітір садақаның құнын үнмен есептеуді негізге алады. Өйткені шариятта бидаймен қатар оның өнімдерімен де пітір садақа беруге рұқсат етіледі.

– Пітір садақаны берудің уәжіп уақыты айттың бірінші күні. Оны Рамазан айының бірінші күнінен бастап беруге болады. Уақытында бере алмаған жағдайда айт намазынан кейін берсе де болады. Алайда пітірді айт намазына дейін беру – мұстахаб. Осыған орай 2026 жылғы Рамазан айындағы бір адам үшін берілетін пітір садақа мөлшері 2 келі ұнның нарықтық орташа бағасымен есептеліп, 735 теңге етіп белгіленді.



Дегенмен бай, ауқатты адамдар пітір садақаны 2 келі мейізбен (6400 теңге) немесе 4 келі құрмамен (12400 теңге) бергені жақсырақ. Ал підия мөлшері – бір адамның күнделікті (таңғы және кешкі) тойып ішетін асы. Оның биылғы мөлшері 4000 (төрт мың) теңге болып бекітілді. Бұған шамасы келмегендер оразаның әр күніне пітір садақасының құнын береді, – деді Дастан Құрманбаев.

Имamnың айтуынша, мешіттерде дәстүрлі түрде ауызашар дастархандары жайылып, 18 ақпаннан бастап жамағатпен тарауық намаздары оқылады. Сонымен қатар Хатым Құран оқу, уағыз-насихаттар, діни сауат ашу сабақтары ұйымдастырылады. – «Рамазан сыйы», «ҚР Тәуелсіздігінің 35 жылдығына орай мұқтаждарға 35 000 азық-түлік себет», «Бір мәселені шешу», «Рамазан тәттісі» сынды қайырымдылық акцияларын, түрлі форматтағы іс-шаралар мен жарыстар өткізу жоспарлануда.

Сонымен қатар «Хатым Құран», «Бір күнде бір хатым», «Бір айда Құранға түс», «Намаз оқып үйренейік» марафондары, Құранды жатқа және мәнерлеп оқу жарыста-

ры, инттелектуалды білім сайыстары, жас отбасыларға тәрбиелік кеңес беру мақсатында «Отбасы – рухани тәрбие ошағы» атты шара, «30 күнге 30 уағыз», «30 күнге 30 амал», «Пәтуа сағаты», «Ораза ұстаудың тәртібі», «Бас имам сағаты» шаралары, «Рамазан айында ішімдік сатылмасын!» акциясы, «Жарапазан айту» эстафетасы, «Отбасы және Рамазан», «Жастар және Рамазан: сабыр мен жауапкершілік» тақырыптарында кездесулер, «Көрішіңе қуаныш сыйла!» акциясы секілді қосымша шаралар да жоспарда бар, – деді бас имам.

Сондай-ақ Дастан Жанысұлы ораза ұстаудың негізгі шарттары мен үкімдеріне тоқталды. Рамазан айында ораза ұстау ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына жеткен әрбір мұсылманға парыз екенін, сәресі таң намазына 10 минут қалғанда тоқтатылатынын һәм ауыз ашу ақшам намазының уақыты кіргенде басталатынын атап өтті.

Рамазан айы – рухани тазару, сабыр мен мейірімге үндейтін ерекше кезең. Имам осынау қасиетті айды сауатты амалдармен өткізуге шақырды.

Аружан ОРАЛБАЙ



ҚҰМАР ОЙЫНЫ ҚҰРДЫМҒА ЖІБЕРДІ

Мемлекеттік қызмет – елдің айнасы. Сондықтан бұл саладағы әрбір кемшілік пен жетістік көпшілік назарынан тыс қалмайды. Қызылорда облысында жүргізілген талдаулар мемлекеттік қызмет жүйесінде тәртіпті нығайту, құқық бұзушылықтардың алдын алу және қызметкерлердің құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстардың маңызын тағы бір мәрте айқындады.

2025 жылы облыс әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі тарапынан мемлекеттік қызметшілер арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әсіресе құмар ойындарға қатысудың салдары туралы ақпараттық жұмыстарға басымдық берілген. Бұл бағыттағы шаралар экономикалық тергеу-тексеру органдарымен бірлесіп ұйымдастырылған. Дегенмен нақты дерек бұл жұмыстың толыққанды нәтиже бермегенін көрсетті. Өткен жылы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының қызметкері құмар ойындарына қатысқаны анықталып, қызметінен босатылған. Бұл оқиға мемлекеттік қызметшілер арасында алдын алу және түсіндіру жұмыстарының әлі де күшейтілуі қажет екенін айқындады.

Әдеп жөніндегі уәкілдердің негізгі міндеттерінің бірі – мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Алайда талдау барысында үстеме жұмысқа байланысты құқықтарды қалпына келтіру

бағытында нақты шаралардың жүргізілмегені анықталды.

Осыған байланысты алдағы кезеңге бірқатар нақты міндет қойылып, азаматтар мен мемлекеттік қызметшілерді жеке мәселелері бойынша қабылдауды жүйелі ұйымдастыру, құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы түсіндіру жұмыстарын күшейту, жаңадан тағайындалған қызметкерлерге әдеп нормаларын тұрақты түсіндіру – күн тәртібіне енді.

Денсаулық сақтау саласында да мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік кепілдіктерінің сақталуына қатысты кемшіліктер анықталды. Талдау нәтижесінде 74 мемлекеттік қызметшіге іссапарға шығар алдында жолақасы мен тұрғын үй шығындары төленбегені белгілі болды. Қолданыстағы қағидалар бойынша мұндай төлемдер іссапарға дейін берілуі тиіс. Бұл жағдай қызметкерлердің әлеуметтік құқықтарының сақталуы мәселесіне ерекше назар аудару қажеттігін көрсетті. Нәтижесінде заңсыз үс-

теме жұмысқа жол бермеу, іссапар шығындарын уақытылы төлеу және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы шараларды күшейту міндеттелді.

Өткен жылдың төртінші тоқсаны бойынша жүргізілген тәртіптік тәжірибе талдауы мемлекеттік қызмет саласындағы ахуалды нақты сандармен көрсетті. Мемлекеттік қызметшілердің заңсыз әрекеттері бойынша 149 мәлімет тіркелген. Оның басым бөлігі жергілікті атқарушы органдарға қатысты. Тәртіптік комиссияның қарауынсыз 136 қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Қолданылған жазалардың ішінде ескерту, сөгіс және қатаң сөгіс түрлері бар. Бұл жазалардың бір бөлігі басшы лауазымын атқаратын қызметкерлерге қатысты қолданылғаны мемлекеттік басқару деңгейінде де тәртіп мәселесі өзекті екенін аңғартады.

Қызметтік тергеу-тексерулер барысында бірқатар заң талаптарының сақталмағаны анықталды. Кей жағдайларда тергеу-тексеру белгіленген мерзімнен кеш басталған, кейбір есептерде тәртіп бұзушылық деректері көрсетілмей, статистикалық мәлімет бұрмаланған. Сондай-ақ тәртіптік жаза қолдану мерзімі өтіп кетсе де, жаза қолданылған жағдай тіркелді. Мұндай кемшіліктер тәртіптік рәсімдерді жүргізу сапасын арттыру қажеттігін көрсетіп отыр.

Ветеринариялық бақылау және қадағалау саласында да бірқатар олқылықтар анықталды. Әдеп жөніндегі уәкілдің қабылдау кестесі мен байланыс дерегі толық жарияланбаған. Бұл мемлекеттік қызметтің ашықтығы қағидаларына қайшы келетін жағдай ретінде бағаланды. Алдағы уақытта қабылдауларды тұрақты өткізу, ақпаратты ресми ресурстарда жариялау және мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру бағытындағы ақпараттық жұмыстарды күшейту міндеті қойылды.

Қорытындылай келе, жүргізілген талдаулар мемлекеттік қызмет жүйесінде оң өзгерістермен қатар шешімін талап ететін мәселелердің де бар екенін көрсетті. Құқық бұзушылықтардың алдын алу, қызметкерлердің құқықтарын қорғау, ашықтықты қамтамасыз ету – мемлекеттік аппараттың басты міндеті болып қала береді. Қоғам сенімі – мемлекеттік қызметтің ең қымбат капиталы. Ал бұл сенімді сақтау тәртіп пен жауапкершілікті күнделікті қызметтің басты қағидасына айналдырудан басталады.

Қорлан САРЫ

ДҰРЫС ІЛІМ ТУРА ЖОЛҒА СІЛТЕЙДІ



Діни сауаттылық – бұл адамның дін тарихы, ілімі және діннің қоғамдағы рөлі туралы білімге не болуы. Бұл тек діни рәсімдерді білу ғана емес, сонымен қатар оған сай ақпаратты дұрыс талдай алу қабілеті. Өкінішке қарай, бүгінде ғаламтор мен әлеуметтік желілер жастардың бос уақытын өткізетін алаңы ғана емес, сонымен қатар түрлі теріс пиғылды топтардың «аншылық» жасайтын мекеніне айналды. Жасөспірімдерді арбап, өз қатарына қосуды көздейтін деструктивті ағымдар үгіт-насихат жұмыстарын осы виртуалды әлемде белсенді жүргізуде.

Осындай қауіп-қатердің алдын алу және жастардың діни танымын кеңейту мақсатында «ORDA» колледжінде арнайы кездесу ұйымдастырылды. Іс-шараның спикері – Дін мәселелерін зерттеу орталығының маманы, республикалық ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі, этнограф Сәкен Алдашбаев.

Сәкен Алдашбаев жастар арасындағы діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, әлеуметтік желіде теріс ағымның тарауын сөз етті. Ол этнограф ретіндегі тәжірибесін діни мәселелерді ұлттық болмыспен, қазақы салт-дәстүрмен сабақтастыра отырып түсіндірді. Маманның әлеуметтік желідегі қауіп туралы айтқан

ойлары студенттерге қатты әсер етті.

«Үкіметтік емес ұйым болып тіркелмеген, заңсыз әрекет ететін топтарды біз деструктивті ағымдар деп атаймыз» – дей келе, олардың жұмыс

істеу механизмін нақты мысалдармен жалғайды.

– Ең бірінші жастардың ең көп араласатын жері – әлеуметтік желі. Ораза кезінде жастарда «қалай ауыз ашу керек?», «бірден нан жеп, ауыз ашуға бола ма?», «ұйықтап қалсаң не болады?» деген сұрақтар туындайды. Оған жауап табу үшін жастар әлеуметтік желіге жүгінеді. Сол кезде біздің жұмыс басталады. «Қай жас қандай ақпарат іздеп жатыр?» деген сұрақ бізді толғандырады. Себебі сұрақ қойған жастарға жауапты осы діни ағым өкілдері береді. Өздеріне тартады, – деді Сәкен Алдашбаев.

Жиын соңында студенттер көкейлерінде жүрген сауалдарына нақты әрі тұшымды жауап алды. Іс-шара жастарға діни тақырыптағы күрделі сұрақтардың түйінін тарқатуға мүмкіндік берді. «ORDA» колледжінің ұжымы мен студенттері үшін бұл шара тек ақпарат алмасу емес, рухани кемелденуге, дін мен дәстүр үндестігін тереңірек түсінуге бағытталған маңызды қадам болды.

Мейір НИЕТ



Басы 1-бетте

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЦИФРЛЫҚ ӘЛЕМДЕГІ ДӘРЕЖЕСІ ҚАНДАЙ?



Бүгінде қазақ тілі цифрлық кеңістікте «аяғын апыл-тапыл басып келе жатқан баладай» алғашқы қадамдарын сеніммен жасауда. Бір қарағанда, әлеуметтік желілерде қазақ тілінде жазатын жастар көбейді, қазақша подкасттар мен блогтар, сайттар мен қосымшалар пайда болды. Бұл – көңілге медеу, үмітке демеу. Дегенмен «шоқтығы биік» деңгейге жеттік деу әлі ерте. Себебі сан бар жерде сапаға да орын бар. Ал тілдің абыройын асқақтататын – дәл сол сапа.

Цифрлық орта – тілдің айнасы. Егер сол айнадан қазақ тілінің шұбарланған бейнесін көрсек, онда мәселенің түп-тамыры тереңде жатқанын мойындауымыз керек. Әлеуметтік желіде жиі кездесетін қателер – соның айғағы. Мысалы, «сәлем» сөзінің орнына «салам», «қазір» сөзінің орнына «казир», «қайдасың» сөзінің орнына «кайдасын», «келемін» сөзінің орнына «келятрм», «жазып жатырмын» сөзінің орнына «жазватрм» деп жазу – жиі кездесетін көрініс. Қазақша пернетақтаның орнына орысша әріптермен хат алмасатынымыз жасырын емес.

Ал «н» мен «ң»-ды айыра алмай-тындардың жағдайын айтпаса да белгілі шығар. Қазір тіпті осы екі әріпті айыра алмайтын болашақ мамандар көп. Ал олардың басым бөлігі жоғарғы оқу орындарын бітірген соң білім саласында жұмыс істемек. Яғни, мұғалімдер. Ал олар осы екі әріпті айыра алмаса, ол мұғалімнен білім алған оқушының сауаты не болмақ?! Қорқынышты, иә?

Бұл – жай ғана қате емес, бұл – тіл мәдениетінің әлсіреуінің белгісі. Тіл – киелі ұғым. Оны қалай болса солай қолдану «қолдағы алтынның қадірін білмеумен» тең. Әр сөз – ұлттың рухани коды, әр әріп – ғасырлардан жеткен аманат. Оған немқұрайлылық танытып, үйренісіп кетуге болмайды.

Қазір елімізде әлеуметтік желілердің басым бөлігі танымал. Олардың қатарына «Threads» қосымшасы да жаңадан енді. Байқап қарап отырсақ, ондағы қолданушылар түрлі жазбаларды шығарады. «Ветка» деген терминді «Бұтақ» деп аударып, қолданады екен. Бұл платформада жақсы жазбалар жарыққа шығады, бірақ қатеге толы, «көрсен көзің шығатын» посттар да жеткілікті. «Күйеу» сөзін «кнеу», «кино», «кю», «кйеу» деп өрескел қатемен жазып жүргенді көріп жүрміз. Өкінішке қарай, бұл – Айсбергтің шыңы ғана.

Дегенмен мәселенің екінші жағы да бар. Қазіргі жастар қазақ тілін жақсы көреді. Олар қате жазса, білмейді дегенді білдірмейді. Керісінше, жаңа форматта сөйлетіп жатыр. Мемдер, қысқа бейнетаспалар, стористер – бұрын басқа тілде көретін едік, қазір қазақ тіліне ауысып, көрерменді қуанытп жүр. Бұрын әдеби тіл тек кітап пен мінбердің еншісінде болса,

қазір ол смартфон экранында өмір сүріп жатыр. Қазақша әзіл, қазақша челлендж, ұлттық тілдегі мотивациялық жазбалар – бәрі де тілдің тірі екенін дәлелдейді. Отандық блогерлерге бұрын неге қазақша сөйлемейді деп өкпелейтін едік, қазір



ақырындап тіліміздің қадірін біліп, қазақша контентті қоға ала бастады. Тіл тірі болса, ұлт та тірі.

Цифрлық кеңістік – үлкен бәйге алаңы. Бұл алаңда кім жүйрік болса, сол озады. Сол үшін қазақ тілінің осы бағытта ақсап тұрған бірнеше тұсы бар.

Ең алдымен сапалы қазақша контент көбеюі тиіс. Қазақ тілінде ғылыми мақала, технологиялық блог, бағдарламалау сабағы, қаржы мен кәсіп туралы материал жеткілікті болуы керек. Қазір көптеген жас ақпаратты орыс немесе ағылшын тілінде іздейді, себебі қазақ тіліндегі контент аз немесе сапасы сын көтермейді. Бұл – қажеттіліктен туған жағдай. Егер сол қажеттілікті қазақ тілі өтей алса, тілдің беделі де өсер еді.

Қазақ тілінің цифрлық дәуірде әлі де кенжелеп келе жатқаны туралы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің докторанты, филология ғылымдарының магистрі Сұлтанбейбарыс Бакытбекпен пікірлескен едік.

– Тілді дамытуға бірлік керек. ХХІ ғасырдың ақпараттық қоғамында қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі орны – бұл тек технологиялық мәселе ғана емес, сонымен қатар тілдің өмір сүруі мен дамуының стратегиялық бағыты. Тіл маманы ретінде

мен қазақ тілінің цифрландыруын – оның болашағына жасалатын инвестиция деп санаймын.

Қазақ тілінің цифрлық инфрақұрылымын қарастырғанда, біз әлі де толыққанды лингвистикалық ресурстардың тапшылығын көреміз. Компьютерлік аударма жүйелері, морфологиялық талдағыштар, орфографиялық түзеткіштер – осының бәрі жеткіліксіз, дамымаған күйінде.

Алайда біздің алдымызда тек мәселе ғана емес, керемет мүмкіндіктер де тұр. Қазақ тілінің табиғаты, морфологиялық байлығы – бұл жасанды интеллект үшін зерттеудің қызықты өрісі. Біз қазақ тілін үйрететін үлкен тілдік модельдер, нейрожелілік аударма жүйелері, дауыстық ассистенттер жасай аламыз. Бұл үшін бізге үш нәрсе керек: біріншіден, тілдік деректердің ашық қоры; екіншіден, филологтар мен бағдарламашылардың ынтымақтастығы; үшіншіден, мемлекеттік деңгейдегі қолдау және ұзақ мерзімді стратегия.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, қазақ тілінің цифрлық әлемдегі болашағы – бұл біздің қолымызда. Академиялық қауым тілдік ресурстар жасауға, IT-саласы оларды технологияларға интеграциялауға, мемлекет қаржыландыру мен стратегиялық қолдауға, ал қоғам осы жүйелерді белсенді пайдалануға жауапты. Тек бірлесіп әрекет етсек ғана біз қазақ тілін цифрлық дәуірдің толыққанды, бәсекеге қабілетті тіліне айналдыра аламыз, – дейді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің докторанты, филология ғылымдарының магистрі Сұлтанбейбарыс Бакытбек.

Екіншіден, цифрлық сауаттылық пен тіл мәдениеті қатар жүруі керек. Қазақ тілінде дұрыс жазу заманауи тілде айтқанда «трендке» айналса игі. Трендтің төрінде өз тіліміз тұрса, ұтылмаймыз. Мәселен, әлеуметтік желіде дұрыс жазылған, сауатты посттар көп лайк пен қолдау алатын үрдіс қалыптасса, жастар соған ұмтылар еді.

Үшіншіден, қазақ тілін технологиямен достастыру қажет. Қазақша интерфейстер, қазақша дауыстық көмекшілер, қазақша субтитрлер – бұлар тілдің болашағын айқындайтын факторлар. Тіл технологиямен табыспаса, уақыт көшінен қалып қоюы мүмкін. Қазіргі қолданыстағы «Алиса» құрылғысын негізге алсақ, сол секілді қазақша сөйлей алатын ЖИ негізінде дауыстық көмекшіні іске қосу керек.

Тіл тағдыры – ұлт тағдыры. Бұл – құр ұран емес, өмір шындығы. Бүгінгі бала смартфон ұстап өседі. Ол қай тілде ойын ойнап, қай тілде видео көрсен – сол тіл оның ойлау жүйесіне айналады. Сондықтан қазақ тілі цифрлық әлемде толыққанды өмір сүрмесе, ертеңгі ұрпақтың тілдік болмысы да өзгеруі мүмкін.

«Теңіз тамшыдан құралады» дейді дана халқымыз. Әр қазақ әлеуметтік желіде бір сөйлемді дұрыс жазса – ол тілге қосылған үлес. Әр блогер қазақша контент жасаса – ол тілге жасалған қызмет. Әр ата-ана баласына қазақша мультфильм қосса – ол тілге салынған инвестиция.

Бүгінгі цифрлық дәуір – сынақ пен мүмкіндік тоғысқан кезең. Бұл кезеңде қазақ тілі не биікке көтеріледі, не тасада қалады. Тандау – біздің қолымызда. «Көп түкірсе – көл» демекші, тілге жасалған әрбір игі іс – ұлт болашағына салынған алтын көпір. Қазақ тілі тек өткеннің мұрасы емес, ол – болашақтың да тілі. Ендеше, сол болашақты бірге жазайық.

**Нұршат
НЫШАНОВА**

«2024 жылдың 10 желтоқсанында Алматы қаласында қайғылы жағдай орналды. Зағип жан өзіне үйреншікті жолмен келе жатып, пойыз вагондарының арасындағы бос орынды есік деп ойлап, шалынды. Оның өмірі сол жерде қиылды. Бұл оқиға бізді таң қалдырды. Ол қалай болғаны? деген сұрақ бізді мазалады» деп басталды үндеу. Бұл «Kögem» қосымшасының пайда болуына әсер еткен бірден бір жайт еді. Қосымшаның негізін қалаушылар Дарина Жүйрікова және Далия Қосанова.

ЖҰМЫСТЫ ТАБАНДЫЛЫҚПЕН АТҚАРСАҢ, ЖАС МАҢЫЗДЫ ЕМЕС



Сұрақтың жауабы қыздарды көп ойландырмады. «Біздің әлем мұндай жандар үшін әлі дайын емес екенін түсіндік» дейді қыздар. «Әділдік деген әрбір адам ерекше мүмкіндіктеріне қарамастан қалада еш қиындықсыз әрі емін-еркін жүріп тұра алуы. Сол себепті біздің қосымша зағип жандарға өзін қауіпсіз сезінуге көмектесетін көмекші құрал жасауды жөн көрдік» дейді қыздар әлеуметтік желіде.

Олардың айтуынша, ерекше мүмкіндікке ие жандар үшін итті пайдалану қолжетімді емес. Оны ұзақ уақыт бойы оқыту да біраз қаражатты талап етеді. Телескопиялық таяқтың да кемшілігі аз емес. Ол қауіптің алдында дабыл қақпайды, ескертпейді және бағытты дөп көрсетпейді.

Әрине, шетелдік ақылы мобильді қосымшаларды орнатып алуға болады. Алайда мұнда Қазақстан қалаларының картаның ескі нұсқасы қолданылады. Ал платформаларда қазақ тілінің үлесі туралы айту мүлде қиын.

– Біздің мобильді қосымшамыздың негізінде үш негізгі функцияны басқаратын жасанды интеллект жатыр. Соның ішіндегі ең басты мақсат – нысандар мен кедергілерді тану және олардан алшақ болу. Мұны көзі нашар көретін адамдарға арналған цифрлық телескопиялық таяқ немесе 2GIS-тің баламасы деп айтуға болады, – дейді Дарина.

Ал енді платформаның жұмыс істеу жоспарына тоқталсақ. Қосымшаны пайдалану оңай. Ол үшін смартфонды алып, қосымшаны іске қосу арқылы үйге дейін маршрут құру туралы сұраныс тастаймыз. Ал бағдарлама қай бағытта жүру кергін дауыстап айтып отырады.

Сонымен қатар, бағдарламаның алдағы кедергілер туралы да хабар беретін функциясы бар. Яғни бұл тек дұрыс жолмен жүруді ғана емес, жарақаттардың алдын алуға көмектеседі. Ол үшін телефонды алдыңғы бетте ұстап тұру қажет. Сол кезде оның камерасы айналадағы кеңістікті сканерлеп, кедергінің түрін және оған дейінгі қашықтықты анықтау арқылы дыбыстық хабар береді.

Екінші функция – кез келген беттен мәтінді тану. Оның ішіне құжаттар, белгілер, мәзірлер және басқа да жазулар кіреді. Бұл арқылы жол белгілерін тану, мейрамханаға бару енді қиындық тудырмайды.

Ал үшінші құрамдас бөлік – нысандарды тану, атау. Яғни зағип жан сурет түсіргісі келсе, жасанды интеллект сол фотода не бейнеленгенін сипаттап береді.

– Қосымшаны әзірлеуді 2025 жылдың қантарында бастадық. Сол кезден бері бұл жобаға бар күшімізді салып келеміз. Жобаны еш қаржыландырусыз, өз біліміміз және күш-жігеріміз арқылы өмірге әкелдік, – деді Далия.

Қыздардың пайымы бойынша, жас маңызды емес. Біз қазірдің өзінде үлкен бастамаларды өмірге әкеле аламыз. Ал ол үшін керегі – адамдарды тыңдау, олардың қажеттілігін түсіну және жұмысты табандылықпен атқару. Қателіктерден мәңгі қашып жүру мүмкін емес. Бірақ олар арқылы үлкен жаңалықтар ашуға болады. Әлемді өзгертетін адамдар мінсіздікті күтетіндер емес, сол сәтті тудыру үшін еңбек ететіндер.

Мейір НИЕТ

ҮЙЛЕНУ ДЕ, ҮЙ БОЛУ ДА ...



бәрі әдемі: қонақтар риза, суреттер сәнді, әлеуметтік желіде жүздеген лайктар жиналады. Бірақ уақыт өте бәрінің қызығы басылады, ал уақыт өте ай сайынғы төлем, пайыздық үстеме, қаржылық қысым жас отбасының шынайы өміріне енеді.

Қарыз – тек сандық міндеттеме емес, ол психологиялық салмақ. Жалақының едәуір бөлігі банкке кетіп жатқанда, тұрмыстық ұсақ-түйек те үлкен мәселеге айналуы мүмкін. «Неге осынша қымбат той жасадық?», «Оның керегі бар ма еді?» деген өкініш сөздер бірте-бірте ренішке, ал реніш салқындыққа ұласпауына кепіл жоқ.

Махаббат – нәзік сезім. Ол түсіністік пен қолдауды қажет етеді. Ал қаржылық қысым сол нәзіктікті қажытып, екі жастың арасына көзге көрінбес қабырға тұрғызуы мүмкін. Өткен жылдың нәтижесіне назар салсақ, 45,5 мың



Қазақ үшін той – тек қуаныш емес, ұлттың рухани болмысының бір бөлшегі. Ата-бабамыз тойды халықтың қазынасы деп білген. Алайда уақыт өзгерді, заман жанарды. Бүгінде той тек дәстүрдің жалғасы емес, қаржылық жауапкершіліктің үлкен сынағына айналған. Бір күндік салтанат кейде жылдарға созылатын қарызға ұласып, жас жұбайлардың болашағына көлеңке түсіретін жағдайлар да кездеседі.

Қазіргі тойлардың шығыны орасан зор. Сәнді мейрамхана, безендіру, шоу-бағдарлама, танымал асаба, қымбат көйлек, кәсіби фото-видео түсірілім – бәрі қосылып, миллиондаған теңгені бір-ақ айналдырады. Көптеген отбасы «елден қалмау» үшін немесе «абырой» үшін несие алуға дейін барады. Бірақ кімге не дәлелдейсің? Жаңа түскен келіннің қалыңдық көйлегі, оның тойға арналған макияжы, қалыңдықтың қыз жолдасының көйлегі мен макияжын да күйеу бала төлейді. Ал біле білсеңіз, көйлек те, макияж да қымбатқа түсетін шығын. Одан бөлек қаншама алыс-беріс, майда-шүйдә дәстүрлер қалтаңды қағады.

Бірақ бір сәт ойланyp көрейік. Сол қаржыны басқа арнаға бұруға болмас па еді? Мысалы, бір күндік тойдың орнына жас жұбайлар шетелге саяхат жасап, жаңа өмірін бірге әсерге толы естеліктермен бастаса ше? Париж көшелері, Ыстамбұлдың тарихи тынысы немесе теңіз жағасындағы жайлы кештер – бұлар да өмір бойы ұмытылмас сәттер сыйлап, жас жұбайдың арасындағы махаббат сезімін күшейте түсері анық.

Не болмаса сол қаражатты болашаққа негіз етуге жұмсау – үй алуға бастапқы жарна, көлікке ақша жинау, шағын бизнес бастауға инвестиция жасау. Бұл – тек материалдық пайда емес, отбасының тұрақтылығына салынған берік іргетас. Бұрын дәулеттің нышаны болса, бүгінде ол – қажеттілік. Үй де, көлік те жайлы өмір үшін, ал жинақ – ертеңгі күнге сенім.

Өкінішке қарай, той үшін алынған несиенің салдары көбіне қайғылы аяқталып жатады. Алғашқы айларда

ажырасу фактісі тіркелген. Ажырасу бірнеше себептің нәтижесінде орын алады, статистика көрсеткендей, себептердің бірі – қаржылық қиындық. Демек бір күндік салтанаттың салдары кейде ұзақ жылдарға созылатын ауыртпалыққа айналуы ғажап емес.

Батыс елдерінде жас жұбайлар көбіне прагматикалық шешім қабылдайды. Үлкен тойдың орнына шағын рәсім өткізіп, қалған қаржыны саяхатқа немесе баспанаға жұмсау оларда қалыпты тәжірибе. Бұл жерде басты назар отбасының болашағына аударылады.

Әрине сәнді той ол жақта да бар. Бір артықшылығы, оны біздегідей міндеттемейді, таңдауға салады. Қоғамдық қысым аз болғандықтан, жастар өз мүмкіндігіне қарай шешім қабылдайды.

Қазақ қоғамында да мұндай көзқарас біртіндеп қалыптасып келеді. Кейінгі кезде кейбір жастар тойды шағын форматта өткізіп, жинаған қаражатын ипотекаға бастапқы жарна ретінде құйып жатыр. Дәстүрден толық бас тартпай-ақ, заман талабына сай етіп бейімдеуге жол ашуда. Мәселен, табиғат аясында өткізілген той есте қаларлық әсерімен ерекшеленсе, бағыт ретро стиль де әлі қалыс қалмады.

Тойдан мүлде бас тарту ұлттық құндылықты жоққа шығару болар еді. Бірақ тойды ақылмен, шамамен өткізу нағыз парасаттылықтың белгісі. Дәстүрдің мәні – данғазда емес, ниетте. Қонақ санының көптігі емес, тілектің шынайылығы маңызды. Бәлкім, болашақта қазақ тойы жаңа сипатқа ие болар. Ысырапшылдық азайып, мазмұнға мән берілсе, той шын мәнінде қуаныштың мерекесіне айналар еді. Жас жұбайлар өмірін қарызбен емес, сеніммен бастаса – сол үлкен жетістік.

Ең маңыздысы – шешім саналы болуы тиіс. Егер той шынайы қуаныш әкелсе, ол да дұрыс. Бірақ ол жас отбасының ертеңін құрбан етсе, сірә, одан еш қайыр жоқ.

Нұршат НЫШАНОВА



ТОЙ МЕН ОЙ: АСАБА ӘДЕБІ

Басы 1-бетте

Күлдіремін деп бүлдірме

Қазір асаба көп. Тас лақтырсан асабаға тиеді. Блогер де, әзілкеш те той басқарып жүр. Бірақ саны бар сапасы жоғы артты. Барлығына бірдей күйе жағып, даттаудан аулақпыз. Дегенмен олардың бейәдеп сөйлеуі, бүгінгі өзін шешен етіп көрсетіп жүрген қауымға деген ойды түбегейлі өзгертеді. Бірде сұңғыла бойлы, ажары келіскен той тізгініші билеп жүрген жігіт пен қызға сыйлық деп 5000 теңге берген азаматқа «Бұл аз болып қалады. Тағы 2000 қоссаңызшы, қазір қонақ үй 7000 болып кетті» деді. Ол ол ма, «Апа, қанша баланыз бар?» деген сауалына кейуана: «Аллаға шүкір 13 құрсақ көтердім» дегені сол-ақ екен, «Шошқа құсап туа берген екенсіз» дегенді де естідік. Сұмдық! «Тәуіптің жақсысы ауруға ауру қоспағаны, асабаның ең жақсысы өзіне де, тойға келіп отырған елге де ұят келтірмейтіні» деп екі сөзінің бірінен тастамайтын жандар несілектен мұндайға барады? Осы мәселе төңірегінде Болат Жолтаев «Асабалардың басым көпшілігі біреудің көшірмесі, ізденісі жоқ» деп айтады.

– Әрбір асабаның ұстанымы болуы шарт. Оның басында «Жұртты күлкіге қарқ қыламын деп, ұятқа қалма» деген тұруы керек. Өйткені қазір күлдіремін деп, бүлдіріп алып жататындар көп. Орынсыз, бағыт-бағдарсыз айтылып жатқан әзілдер сондағы жиналған жұрттың психикасына әсер етеді. Ол жердегі әрбір адамның басында түрлі жағдай бар. Демек, асабаның аузынан шыққан сөзді әркім әртүрлі қабылдайды. Сондықтан ортаға ортақ әңгімемен кіріп, орынды әзіл айтуға болады. Қазақ сөзге бай халық. «Астарлы сөз адамды өлтіреді» дегендей, көпшілікке жеткізгің келетін сөзді әдепсіздік пен мәдениетсіздікке бармай-ақ астарлап жеткізу – ең ұтымды жол.

Бүгінде «бір-екі өлең мен накыл сөз жаттап алса болғаны, мен той басқара аламын» деп жүргендер көбейіп кетті. Ол асаба емес, жәй ғана жүргізуші. Өз басым бұрынғының ізі, бүгінгі сөз саптауы бөлек асаба деп, қызылордалық Серікті, актөбелік Шынбергенді айта аламын. Ол ата-баба дәстүріне бойлап, әңгімені әріден қозғап, жаңа мен көне заманды бірде: «Ушыққан талай дауды одан әрі өршітпей, сіз сөз арқылы бейбіт жолмен реттедініз. Сіздіңше, шешендік дегеніміз не?» деп сұраса керек. Сөйтіп әлгі бейбақ шешендік жайында сала-құлаш жауап күтіп тұрса, Цицерон «Шешендік дегеніміз – керек жерде, қажет кезде үндемеу» деп қысқа-нұсқа қайырған көрінеді. Демек шешендік дегеніміз әсте ешқандай татуы, дәмі жоқ сылдыр сөзді суша сапыру емес. Ал тойдың аудиториясына яки бұқаралық санаға ешқандай ықпал-әсері жоқ арзан сөзді онды-солды сапыру – бүгінгі тамадаларға тән ортақ көп кемшіліктің бірі әрі ең бастысы десек артық айтқандық болмас.

Аңдамай сөйлеген ауырмай...

Бүгінгі той – кешегі той емес. Бұл кешегі тойдағы айтқаныңды айна қатесіз бүгін қайталап, береке таппайсың деген сөз. Мұндай қаралұрсіндіктен той жақсы өтіп, асабаның абыройы артып, деңгейі көтерілмейді. Әрі әлгіндей атүстілік жүргізушінің шығармашылық тоқырауына әкеп тынады. Ендіше көп оқу, талмай іздену қажет. Оның ішінде шеберлігі шыңдалған, жауапкершілікті түсінетіндері кездеседі. Мұндай азаматтар кей тұста той иелері қолының қысқалығынан дастарқаны жұтандау жайылған немесе басқалай міні бар тойды өзінің той жүргізу шеберлігімен байқатпай, кем-кетігін елпей жібереді. Ал барлығы болмағанымен кейбір өзін адуынды асабамен деп асыра бағалайтындар дастарқаны жайнаған, өзге шаруасы келіскен тойдың астан-кестенін шығарады. Сондайда осы бір қауымға ішің жылы қоймайды.

Тағы бір мәселе – асабалардың дені той басталар-басталмастан той тарқағанша шапалақ сұрап, ығырынды шығаратыны. Егер оның сөйлеу, той жүргізу мәнері жиналған жұртқа ұнап, көңілдерінен шықса, халық өзі-ақ асабаның лайықты бағасын береді емес пе?! Алдындағы асты ысырып қойып, асабаға құлағын түріп, қос қолын көтеріп шапалақ соғады. Талай тойда мұндайдың да куәсі болғанбыз. Сосын көпшілігі «Ағайын айқай-шу қайда?» деп жар салады. Бұл сөздің астарына үңілесек, қазаққа «айқай шықты», «ашу шықты» деген жақсы сөз емес. Ол «үлкен түсініспеушілік орын алды, даудамай ұрыс-керіс шықты» деген мағынаға саяды. Яғни бұл ауыздан шыққан сөздің байыбына бармау, жіті түсінбеу. Өңірдегі аузылы асабалардың бірі Нұрлыбек Сүлейменовтің айтуынша, көп асабалар тойға дайындықсыз шығады.

– Қазіргі көп той басқаратындардың іліп алар сөзі жоқ, тек ойынмен ғана шектеліп, тойдың сәнін кетіріп бара жатқандай. Көпке топырақ шашудан аулақпын. Бірақ осы бір тақырыпта айтылатын шындықтар сүт бетіне шыққан қаймақтай көрініп тұр. Той саласында аралас-құралас, ізімізден еріп келе жатқан азаматтар болғандықтан артық айтуға қимайсың. Бірақ шындығы – олардың бірқатары ізденісте жүрмейді, дайындықпен шықпайды. Бұдан бөлек отбасындағы тойды басқаратын асаба таңдау мәселесін жастар шешіп кетті. Ата-ана баланың қуанышы болған соң одан асып кете алмайды. Еркіндікті алған бала айтары аз, ойыны көп шоумендерді шақырады. Артынша тойда үлкендер жағына көңіл бөлінбей, тек батаның уақытында ғана ескеріледі. Сосын шамадан тыс бейәдеп сөздер, ар-ұяттан артық кететін ойындар көп болады. Әр нәрсені бір қозғап, халықтың ығырын шығарып жібереді. Ақырында сыңға ұшырап, қоғамда асабаларға деген бұрыс пікір қалыптасады, – дейді асаба.

Осы салада біраз жылдан бері тер төгіп, нопақа тауып жүрген Қуаныш Мұстафаев асаба тойдағы небір қызықтар мен кемшіліктерге куә болған.

– Тойды көңілді өткізіп, жиналған халықты игеру – әрбір асабаның міндеті. Бірақ той кезінде жас жігіт пен әжейді, ақсақал мен жас қызды жарыстырып билетіп қоятыны жаныма жақпайды. Дәл сол сәтте ол қызықты көрініп, той күшті өтіп жатқандай сезілуі мүмкін. Бірақ сырт көзге өте ерсі әрекет, мойындау керек. Содан соң, жас қыздардың шетелдік

әуендерге жанын салып билегені де той көрігін қыздырғанымен, ұят нәрсе. Өйткені тойға тек жастар емес, орта буын мен үлкендер де келеді. Сол кісілердің алдында көлбеңдеп жүргендері ұят тірлік. Бізге той мәдениетін қалыптастырып, әдеп-ибадан аспауды әлі де үйрену керек, – дейді ол.

Беташардағы бейшаралық

Байқайсыз ба, беташарды жүргізіп тұрып, өзінің руын айтып, «Қане, осы рудың қазақтары болса, қол көтеріңіздер!» деп бұынсыз жерге пышақ ұрып, бұйыра сөйлейтін асабалар да баршылық. Осылайша қуанышқа ортақтасуға келген қазаққа трайбализмді тықпалайды. Бұл да орынсыз айтылған сөз. Сондай-ақ «Менің айтқан сөздеріме қол соқсаңыздар алақандарыңызға гүл шығады, шапалақ ұрмасаңыздар, жүн шығады» дегенді естігенде ол емес, келген қонақ кірерге тесік таппай қалады. Келіннің бетін ашардағы кейбір ерсі қылықтарға көз жұма қарамайтын асаба Жанболат:

– Беташар – бүгінге дейін сақталған ең әдемі дәстүрлеріміздің бірі. Мұндай салтты ешбір елден кездестірмейсіз. Бірақ осы бір құндылығымыздың да қадірін қашырып жіберетін кездер бар. Беташар келінге өсиет ретінде айтылуы керек. Жаңа түскен келінге әулетін таныстырып, жаңа ортасымен қауыштыру – басты мақсат. Алайда келіннің бетін ашып жүрген кейбір асабалар кейде ерсі қылықтарға кетіп қалады. Өсіресе, тойға келген адамдардан қоймай ақша сұрау, қалтасындағы бар тиынын қағып алу сенге айналғандай. Құдды, қайыр сұрап кетеді, артық айтсам ренжімесін. Кез келген адамның қалтасында ақша толып тұрмайды ғой?! Қаншама аға-апаларымыздың қоймай ақша сұрағанда қиналып, ұялып қалған кездерін көрдім.


Бұлай сұрау беру – үлкен мәдениетсіздіктің көрінісі. Келіннің бетін ашу – бұл қайыршылықпен айналысу емес. «Әкел, әкел, шығар, тағы да шығар» деп тойға келген халықты қинап, қалтасына ақша салып кеткенін қалап тұратын сұраншақ асабалар көбейді. Өкінішті. Одан бөлек беташарды фонограммамен, қазіргі заманауи музыкалық аспаптармен де өткізетіндер бар. Негізі, келіннің бетін қазақтың қара домбырасымен, жанды дауыста ашқан дұрыс, – дейді ол.

Ал Нұрлыбек Сүлейменовтің айтуынша, солай жасауды кей той иелерінің өзі сұрайды екен.

– Қалтаға түсіп, бейшаралық күйге ену дұрыс емес әрине. Алайда көп жерде үйдің иелері «мені қайтадан бөлек айтып жіберші» деп өтінеді. Сосын «мына азаматтар қалып қоймасын, қайталап айтыңыз» деп қағазға астын сызып береді. Бірақ қалай болғанда да сол үйдің азаматтарын қыян жағдайға қалдырып, ортаға бей-берекет шақыруға болмайды, – дейді асаба.


«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, Қиыннан қиыстырар ер данасы» дегендей, асабаның әр сөзі, сөз саптауы «аламанға дем беріп, алқа топты менгеріп» тұруы керек. Мұнымен айтпағымыз, айтқыш екен деп, тойдың тізгінін кім көрінгенге беріп қоюға болмайды. Сондықтан ұмытпаңыз, айтқан емес, айтар сөзінің әсер-ықпалын алдын ала дәл болжай білетін сұңғыла асаба ғана тойдың сәні. Той бір күндік болғанымен, ондағы айтылған сөздің салмағы санада сақталады.

Нұр БАҚЫТ



ТРЕНДТЕГІ ТІРШІЛІК:

МАҒЫНАСЫЗ ЕЛІКТЕУ МАЗАҚҚА ҰШЫРАТАДЫ



Басы 1-бетте

Адам – әлеуметтік жаратылыс. Оны ғалымдар ежелгі заманнан бері айтып келеді. Мәселен, Абрахам Маслоу өзінің қажеттіліктер пирамидасында адамға «құрметке ие болу», «мойындалу» аса маңызды екенін көрсеткен. Яғни, өзгенің бағасын сезінуге құштарлық – табиғи құбылыс.

Алайда мәселе мойындалуда емес, соған жету жолында. Егер адам өзін дамыту, білімін арттыру, еңбегі арқылы танылуға ұмтылса – бұл қалыпты. Ал қысқа жол іздеп, хайп үшін ар-ұят шекарасынан аттау – тұлғалық дағдарыстың белгісі.

Психологияда «конформизм» деген ұғым бар. Бұл – адамның көпшіліктің пікірі мен әрекетіне бейімделуі. XX ғасырда жүргізілген атакты тәжірибелердің бірін жасаған Соломон Аш адамдардың ап-айқын қате пікірге де көпшілікпен бірге келісе кететінін дәлелдеген. Яғни адам баласы көптің көзқарасынан бөлініп, жалғыз қалудан қорқады. Бүгінде әлеуметтік желіде бұл құбылыс тіпті күшейе түсті. Трендке қосылмаған адам өзін «сыртта қалғандай» сезінеді. FOMO (fear of missing out) – «қалып қою қорқынышы» деген түсінік те осыдан туған. Нәтижесінде адам өз болмысынан алыстап, көпшілікке ұнау үшін маска киеді.

Кей адамдар үшін танымал болу – өзін-өзі дәлелдеудің жалғыз жолы. Ішкі бос кеңістік, өзін бағаламау, балалық шақтағы назар жетіспеушілігі – бәрін ересек шақта өзгелерге көріну арқылы өтегісі келеді. Психоанализдің негізін қалаған Зигмунд Фрейд адамның көптеген әрекеті бейсаналық комплекстермен байланысты екенін айтқан. Яғни тренд қуалау кейде жай ермек емес, ішкі жараның көрінісі болуы мүмкін.

Санжар Керімбай «Өмірге ғашық болу» атты кітабында түрлі тақырыптарды қамтып, қазіргі қоғамдағы актуалды мәселелерге кеңінен тоқталған. Түсінгеніміз бойынша, адамның ішкі әлемінде «даралан, ерекше бол» деп тұрткілеп тұратын белгісіз күш бар. Әншілер ән айтуымен, ақындар өлең жазу арқылы, ал суретшілер картиналарды бейнелеу арқылы, яғни таланттар мен дарын иелері өнер арқылы өзін екселеп көрсете алады. Ал біз көріп отырған «атын шығармаққа жер өртеп жүргендер» қандай да бір өнерге икемі жоқ, ешбір салаға қызығушылығы қалыптаспаған жандар деуге толық негіз бар.

Бұған қоса, қазіргі алгоритмдік мәдениет те әсер етеді. Қоғамда «кім ерекше – сол өтімді»

деген түсінік қалыптасты. Бірақ «ерекшелік» көбіне шынайылықтан емес, шектен шығудан ізделеді. Шектен шыққан әрекет тез таралады, ал терең мазмұн баяу қабылданады.

Бүгін күлдірген видео ертең күлкіге қалдыруы мүмкін. Тренд өткінші, ал адамның беделі – ұзақ мерзімді капитал. Бір сәттік хайп үшін жасалған әрекет кейін кәсіби өмірге, жеке қатынастарға көлеңке түсіруі ықтимал. Ғаламтор ештеңені ешқашан ұмытпайды.

Мағынасыз еліктеу адамды даралықтан айырады. Ал даралық жоғалған жерде тұлғалық әлсіздік басталады. Көпшілікке ұнау үшін бәрін жасау – өзіңді жоғалтудың ең қысқа жолы. Қазіргі әлеуметтік психология зерттеулері өзіндік құндылық сезімі жоғары адамдардың сыртқы мақұлдауға тәуелділігі төмен болатынын көрсетеді. Яғни, ішкі тірегі бар адам трендке соқыр санамен ермейді, еліктемейді. Ол өз принципіне сай келсе ғана қосылады.

Қазақстан әлеуметтік желіні тұтынуда көш бастап тұр

Қазақстан әлеуметтік желіні пайдалану көрсеткіші бойынша Орталық Азия елдерінің арасында алдыңғы орында тұр. Бүгінде отандастарымыздың 80 пайыздан астамы кем дегенде бір онлайн платформаны белсенді түрде қолданады. Бұл тек өңірлік емес, әлемдік деңгеймен салыстырғанда да жоғары көрсеткіш. Алайда санның ар жағында елеулі әлеуметтік, психологиялық және мәдени мәселелер де тұрғанын аңғара бермейміз.

Жыл басындағы деректерге сүйенсек, Орталық Азияда интернет пайдаланушылардың орташа үлесі 82 пайыз шамасында болса, Қазақстанда бұл көрсеткіш 90 пайыздан асып жығылады. Мұндай қарқын, ең алдымен интернет инфрақұрылымының дамуына байланысты. Кейінгі жылдары елде кеңжақты интернеттің қолжетімділігі артып, 4G, 5G технологиялары енгізіле бастады. Интернет сапасының жақсаруы халықтың цифрлық белсенділігін күшейтіп, әлеуметтік желілерді күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналдырды.

Бүгінде Қазақстанда «TikTok» қолданушыларының саны 17 миллионға жуық. Бұл – ел халқының басым бөлігі қысқа видеоформат арқылы ақпарат тұтынатынын білдіреді. «Instagram» желісінде 13 миллионға жуық адам тіркелген. Ал «Facebook» платформасын шамамен 2,5 миллион адам пайдаланады. Сонымен қатар «Threads» пен «LinkedIn» желілерінде де Орталық Азия бойынша Қазақстан ең ірі аудиторияға ие. Бұл қазақстандықтардың тек ойын-сауық емес, кәсіби және пікір алмасу алаңдарын да жиі қолданатынының дәлелі.

Тіпті халқының саны бізден әлдеқайда көп Өзбекстанмен салыстырғанда, Қазақстандағы әлеуметтік желі аудиториясы едәуір белсенді көрінеді. Тіпті Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан және Тәжікстан елдерінің жиынтық көрсеткішін қосқанның өзінде, кейбір платформалар бойынша бір ғана Қазақстанның көрсеткішіне жете алмаған.

Бұл нені аңғартады? Әуелгі себеп, Қазақстандағы урбанизация деңгейі жоғары. Сонан соң цифрлық қызметтердің дамуы, оның ішінде онлайн банкинг, мемлекеттік қызметтер, электронды сауда халықты интернет кеңістігіне көбірек тартады. Сондай-ақ жастар үлесінің басымдығы мен контент өндірушілердің көбеюі де маңызды фактор болып отыр. Дамудың қарқыны сезілсе де, цифрлық кеңістіктің көлеңкелі тұстары да шаш етектен. Ендеше сол мәселелерге жеке-жеке тоқталайық.

Біріншіден, телефонға тәуелділік пен уақыт жоғалту жиіледі. Әсіресе қысқа форматтағы видеоларға негізделген «TikTok» платформасы адамның назарын ұзақ ұстап тұруға бейімделген алгоритмдер арқылы жұмыс істейді. Сарапшылардың айтуынша, мұндай жүйе дофаминдік цикл қалыптастырып, пайдаланушыны экранға қайта-қайта оралуға итермелейді. Нәтижесінде өнімділік төмендейді, оқу мен еңбек сапасы әлсірейді, ұйқы режимі бұзылады.

Нақты ресми статистика болмағанымен, педагогтар мен ата-аналар арасында «телефонға тәуелділік» мәселесі жиі көтеріліп жүр. Мектеп мұғалімдерінің айтуынша, балалардың зейіні әлсіреген, ұзақ мәтін оқуға төзімі жетпейді. Қысқа видеоға үйренген сана күрделі ойды қабылдауға қиналады. Психологтар мұны «клиптік ойлау» феноменімен байланыстырады. Яғни ақпаратты фрагментпен қабылдау, терең талдаудан гөрі жылдам әсерге бейім болу. Бұл жай ғана әдет емес. Бұл болашақ интеллектуалдық әлеуетке әсер ететін үрдіс.

Екіншіден, жалған ақпарат пен арандату әрекеттері көбейді. Әлеуметтік желілер ақпаратты сүзгіден өткізбей таратады. Әсіресе «Facebook» пен «Instagram» желілерінде эмоциялық сипаттағы ақпарат жылдам таралады. Бұл фейк жаңалықтардың көбеюіне, қоғамдық пікірді ішінара арандатуға, сондай-ақ дүрбелең мен сенімсіздікке әкелуі мүмкін. Медиаसाуаттылық деңгейі жеткіліксіз қоғамда бұл – үлкен қауіп.

Үшіншіден, кибербуллинг және қоғамдық мазақ жиілеп барады. Жоғары белсенділік – жоғары бақылау деген сөз. Әлеуметтік желіде бір қателік немесе сәтсіз видео адамның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін. Жастар арасында дене бітіміне қатысты мазақ, әлеуметтік жағдайды кемсіту және пікір арқылы қорлау жиі кездеседі. Бұл психологиялық жаракатқа, тіпті ауыр күйзеліске алып келуі мүмкін. Салдары суицидпен аяқталып жатқан жағдайлар да аз емес.

Төртіншіден, жоғарыда атап өткеніміздей, «көпке көрінуге» құштар жандардың саны артуда. Лайк пен қаралым санын өмірлік құндылыққа айналдыру – қауіпті үрдіс. Кейбір қолданушылар хайп үшін ар-намысын, жеке өмірін, тіпті қауіпсіздігін тәуекелге тігеді. Мәселе танымал болуда емес, танымалдықтың жалған өлшемеге айналуында. «TikTok» трендтері кейде мағынасыз еліктеуге итермелейді. Лайк үшін қауіпті әрекетке бару, жеке өмірді жария ету, ата-ананы немесе ұлттық құндылықтарды мазаққа айналдыру – мұның бәрі қаралым үшін жасалады. Бұл жерде мәселе платформаның өзінде емес. Мәселе аудитория сұранысында. Қоғам неге жеңіл, ойсыз контентті көбірек тұтынады? Неге терең ойлы, мазмұнды дүние аз қаралады? Тағы да жауапсыз сұрақтар...

Қазақстанның әлеуметтік желідегі белсенділігі цифрлық серпілістің көрсеткіші. Бірақ бұл тек мүмкіндік емес, үлкен жауапкершілік. Цифрлық мәдениет, медиаауаттылық және психологиялық тұрақтылық – ендігі басты тақырыптар. Сан емес, сапа маңызды кезеңге аяқ бастық. Егер әлеуметтік желі сана қалыптастыратын құралға айналса, бұл мүмкіндік. Ал егер ол тек лайк пен хайптың алаңына айналса, бұл үлкен қауіп.

Біз цифрлық қоғамды тәрбиелей аламыз ба, әлде цифрлық мәдениет бізді тәрбиелей ме?

Жасыратыны жоқ, бүгінде қалың елдің назарын аудару ерекше ұғымға айналады. Компаниялар мен брендтер арнайы маркетингтік жоспарлармен мамандары арқылы тұтынушының бірнеше



секунды мен минуттық назарына таласуда. Алайда назар аудару тек нарықтық бәсекенің құралы ғана емес, ол тұлғааралық қарым-қатынастың да іргетасы. Өйткені әр адам өзіне өзгенің көңіл бөлінгенін қалайды, яғни бір сәт болса да біреудің ойында жүргенін сезінуге мұқтаж.

Адам өмір бойы өзіне көңіл бөледі қалайтынын түрлі деңгейде байкатады. Әсіресе, бұл қажеттілік сәбилік және балалық шақта айқын көрінеді. Бала ересектердің назарын аудару үшін жылайды, айкайлайды, еркелеп, тіпті қыңырлық танытады. Бұл табиғи құбылыс. «Маған назар керек» деген ішкі сұраныс – адамға тән базалық қажеттілік.

Психологтар адамның базалық қажеттіліктерінің бірі – мойындалу екенін айтады. Бұрын бұл қажеттілік отбасы мен жақын орта арқылы өтелсе, бүгінде оны әлеуметтік желі алмастырып отыр. Лайк – мақұлдау, қаралым – құндылық, репост – мойындау белгісі ретінде қабылданады. Жастардың басым бөлігі виртуалды мақұлдауға тәуелді бола бастады. Лайк аз жиналса көңіл-күй түседі, пост «өтпей қалса» өзін бақытсыз сезінеді.

– Қазақстандағы әлеуметтік желі аудиториясының басым бөлігі жастар. Сондықтан бұл құбылысты психологиялық тұрғыдан талдау маңызды. Жасөспірім кезең – тұлғалық қалыптасу уақыты. Әлеуметтік желі бұл процесті жеделдетеді әрі күрделендіреді. «Instagram» сияқты визуалға негізделген платформаларда жастар өз өмірін «идеал образ» ретінде көрсетуге тырысады. Салыстыру механизмі күшейеді. «Неге менің өмірім басқалардікіндей емес?» деген ішкі сұрақ туындайды. Бұл өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне, сыртқы келбетке шамадан тыс алаңдауға, мазасыздыққа әкелуі мүмкін, – дейді психолог Алма Жақыпбек.

Психологтардың пайымынша, виртуалды мақұлдауға тәуелділік адамның өзін-өзі бағалау жүйесін сыртқы факторларға тәуелді етіп байлап қояды. Егер қоғам сені қолдаса, сен құндысың. Қолдамаса, сен ешкім емессің. Бұл құбылыс мазасыздықтың артуына, депрессиялық көңіл-күйге, өзін өзгелермен салыстыруға әкеледі. Әсіресе, «Instagram» сияқты визуалға негізделген платформаларда «мінсіз өмір» иллюзиясы кең таралған. Шынайы өмір мен желідегі өмір арасындағы алшақтық жастардың ішкі күйзелісін күшейтеді.

Трендке ілесу – топқа тиесілі болудың белгісі. Жасөспірім үшін «шетте қалмау» өте маңызды. «TikTok» трендтері жастарды бірдей би қимылдарын жасауға, бірдей сөздерді қолдануға, бірдей стильге ұмтылуға итермелейді. Ал бұл даралықтың әлсіреуіне, үстірт еліктеуге, мағынасыз контенттің көбеюіне әкеледі. Әсіресе әлеуметтік желідегі шамадан тыс белсенділік те назарға тәуелділіктің белгісі болуы мүмкін. Лайк пен пікір саны азайса, адам өзін тартымсыз сезініп, ішкі құндылығына күмән келтіре бастайды. Алайда виртуалды аудитория көбіне сыртқы көрініске ғана назар аударады. Ішкі әлем, шынайы көңіл-күй көп жағдайда тасада қалады.

Неге адам назарға тәуелді болады? Мұндай күйдің астарында бірнеше фактор жатады. Біріншіден, өзін-өзі төмен бағалау, сенімсіздік. Адам сыртқы мойындау арқылы өз құндылығын дәлелдеуге тырысады. Екіншіден, кейбір психикалық ерекшеліктер мен бұзылыстар. Мысалы, нарциссизм, назар тапшылығы синдромы, биполярлық бұзылыс және т.б. Үшіншіден, бұл жағдай көбіне балалық шақта отбасындағы эмоциялық суықтық немесе назар жетіспеушілігінен орын алады.

Әділдік үшін айта кету керек! Әлеуметтік желі жастарға өзін көрсетуге, шығармашылықпен айналысуға, білім алуға, кәсіби байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Мысалы, «LinkedIn»



желісі кәсіби даму алаңына айналып келеді. Әлеуметтік желі тек қауіп емес, ол шағын бизнестің дамуына, жеке бренд қалыптастыруға, шығармашылық бастамаларға, кәсіби байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, өзгенің назарын аудартуға ұмтылу адам табиғатына тән құбылыс екенін біле жүріңіз. Алайда осы үшін ар-намысты айырбастау таңдаудың мәселесі. Тренд – толқын. Ол келеді, кетеді. Ал тұлғалық тұғыр – өмірлік іргетас. Қандайда бір трендке ілесерде «Мен мұны шынымен қалаймын ба, әлде тек көріну үшін жасап жатырмын ба? Бұл әрекет ертеңгі күні мені ұятпай ма? Менің құндылықтарыма қауіп ма?» деп өзіңізге бір сәт сұрақ қойып, ойлаған білген абзал. Мағынасыз еліктеу уақытша күлкі сыйлауы мүмкін, бірақ шынайы құрмет тек мазмұн мен мінезге беріледі. Трендтегі тіршілік емес, тиянақты тіршілік адамды биік етеді.



Қолына балға ұстап, тактайға шеге қағып жатқан баланың қасына әкесі жакындап келіп қарады. Шегені қисық ұстаған сынайлы.

– Балам, қолыңды ұрып аларсын. Шегені түзу ұста. Балғаны соған тура бағытта. Шегенің басына қарап тұрып соқ. Көзің қолыңды тура апарады, – деді.

Бала шеге қағуды үйренді. Енді ол қолын ұрып алмайды. Осы біз бүгінгі қоғамда қолына балға ұстап, шеге қаға алмайтын балалар бар деп дабыл қағамыз. Бірақ бала айтқаныңды емес, көргенін көбірек алады. Үлгі бола алмай жүрген жөкпыз ба?! Үйрете алмай жүрген жөкпыз ба?!

Қауіпсіздік қолдағы құрал-сайманды, техниканы дұрыс қолданудан басталады. Әлемде өндірісте өмірі қиылып жатқан қанша адам бар. Техника қауіпсіздігі деген ұғым олар үшін басты орында болуы керек. Өйтпегенде, сәл қисық бассан, қиылып түсесің. Өмір... Бір қателік... Ажал...

Әлеуметтік желіні парақтап отырып, тоқ бағанасының үстінде есінен танып қалған, аяғы ілініп, өзі салбырап тұрған электрiкті жасанды деммен тірітіп жатқан екінші маманның суретін көріп қалдым. Әлгі суретті түсірген фотограф әлемдiң деңгейдегі ең үлкен марапатты «сәтті түсірілген» суреті үшін жеңіп алыпты. Ал электрiктің өмірінің құны – бір қателік дегенді сан мәрте естіп жүрміз.

Еңбек адамы қай уақытта да құрметке лайық. Ол үшін қызмет бабында жан тәсілім ету міндетті емес. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқасев: «Мен академик Асқар Жұмаділдаев айтқан пайыммен толық келісемін. Халқымыз осындай күрделі заманда ең алдымен, әлемге прагматикалық көзбен қарауы керек. Жастарымыздың санасы сергек, еті тірі, ширақ болуы қажет. Көрші мемлекеттердегі жас азаматтар шетелге барып, кәсіпорындар, дүкендер ашып, жақсы өмір сүру үшін жаңа дағдыларды игеріп жатыр. Олар, шын мәнінде, бәсекеге қабілетті еңбеккор адамдар» деген еді.

Бірде өңірлік бассыымдарды аралап, үлкен бір холдингке бардық. Мұнда газеттерді журналистер дайындап, әрі қарай баспаға жібереді. Баспахана да заманауи құрылғылармен жабдықталған. Мұнда қызметкерлер күніге екі рет ағарған ішеді екен. Ағарған дегеніміз – сүт өнімдері. Бірде айран, бірде қатық беріледі. Сонда себебін сұрағанымызда «Мұнда түрлі сиялардың, химиялық қоспалардың ортасында жүру адам ағзасына зиян. Сондықтан ағарған улы қайтарады. Мекеме бізге осындай жағдай жасап қойған» деп жауап берді. Еңбек қауіпсіздігіне байланысты осы мәндес түрлі мысалдар келтіре аламыз. Әсіресе, заңдық тұрғыдан баға берсек, елдегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңдар конституцияға негізделген және ол өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Көңіл көкжиегінде арман да, мақсат та көп. Қазір жүйірік уақыттың жалына жармасып, өзiң жан-тәңiммен қалайтын саланды таңдауың керек. Қазақта «Қасқырдан қорыққан қой бақпайды, ешкіден қорыққан егін екпейді» деген керемет сөз бар. Ол қалаған мамандығың қанша қауіпті болса да,



жүрек қалауың бәрібір апарады деген мәнде айтылса керек-ті...

Кешегі әлемді жайлаған пандемия кезінде халықтың денінің саулығын ойлап, дертпен күрескен қаншама дәрігерлеріміздің өмірі қиылды. Ал күнделікті біздің қауіпсіздігімізді қамтамасыз етеміз деп жүргенде қаншама полиция қызметкері жан тәсілім етті. Өрине, қауіп барлық жерде бар. Тек қауіпсіздік шарасын сақтай білген ләзім.

Біздің мемлекетіміздің басты байлығы һәм басты капиталы – адам. Сондықтан адам өмірі қай кезде де бірінші тұрады. Кез-келген жұмыста бұл алдыңғы қатардағы ереже іспеттес. Егер олай болмаса кез келген ғымаратта өртке қарсы дабыл қондырғысы болмас еді. Адам өмірін жоғары бағалау, оған құндылық ұстанымын қою біздің қоғамда тұрақты қалыптасқан.

Біздің үйіміздің кәріз суы толғанда көлігімен келіп, алып кететін кісілер бар. Ата-анам олар келгенде жәрдемдесіп, жылы сөйлесіп, шығарып салады. Бірде «несіне бөйек боласыз, ақысын төлесеніз болды ғой!» деп мұрнын тыржитқан бауырыма ата-анам қабағын түйіп: «олар адал еңбек етіп жүр. Бізге қызмет жасағаны үшін ақысын беру аздық етеді. Оларды құрметтеу керек» деп өмірлік тағылым айтты. Меніңше, жұмысшы мамандықтар жылы деп қарапайым еңбек адамдарын құрметтеу – менің бауырыма айтқан әкемнің сөзіндей үлкен мектеп, үлкен тәлім, зор тәжірибе болмақ.

Әлеуметтік желіде бір бейнетүсірілімді көрдім. Бейіт басына барған жігіт сол маңда жүрген кісіден ата-анасының зиратының алдын тазалап беруді сұрайды. Әлгі кісі демде келісе кетеді. Тазалап болып, қолын шайып әлгі жігіттің қасына барады. Зират тазалаған жігіт құны қымбат тұратын шетелдік көліктің есігін ашып жатқанда әлгі жігіт келіп, «сіз кім болдыңыз?» деп сұрайды. Сонда ара-тұра тақаппарлықтан арылу мақсатында осында кеп жұмыс істейтін мықты кәсіпкер болып шығады. Ал әлгі жігітке «Бүгін – адамбыз, ертен топыраққа айналамыз» деп қысқа жауап қайырады. Мұның арғы жағында қаншама дүние жатыр.

Иә, мен бұл жерде қарапайымдылық туралы айтуды жөн көрдім. Бәлкім, тақырып еңбек қауіпсіздігі болғанымен біз үшін күн сайын қауіппен бетпе-бет келіп жүрген жандарға құрмет көрсетудің ретсіз айтылатын кезі болмайды. Біз оларды құрметтеуіміз керек. «Ер дәулеті – еңбек» дейді халық даналығы.

Ойдан ой туады. Ауылдық жерде біз қолданатын көмірді білесіз ғой. Кейде мына көмір жанбайды деп жұртты қарғап-сілеп жүретіндерді көріп қаламыз. Бірақ сол көмірдің қайдан, қалай шығатынын білесіз бе?! Жердің астына тнөнельмен жүздеген метр сырғанап түсіп, сол шұңқырдың ішінде айналасынкеңітіп, ойып жатады. Ал сол ойып жатқанда бір жері опырылып түссе, бүкіл шахта көміледі. Ал оның астында мыңдаған адам еңбек етіп жатыр. Оларды қауіпсіз еңбек деп айта аласыз ба? Қарағандыда 2023 жылы 28 қазанда болған қайғылы оқиға қанша жұртты есеңгіретіп жіберген жоқ па?! Бұл Костенко шахтасындағы апат еді. Қарағанды облысында орналасқан Костенко шахтасында болған жарылыс пен өрт. Болжам бойынша, лавада газ метанының жарылысы орын алған. Апат болған кезде шахтада 252 адам болған, 208 кеншіні құтқарушылар жер бетіне алып шыққан, 46 адам қаза тапты.



Бұл қоғамдағы басты байлық – адам өмірі. Ал адам үшін бастысы – оның денсаулығы. Қандай да бір жұмыс адамның денсаулығына зиян келтірмеуі тиіс. Өйткені, денсаулықтан айырылсаңыз, ешкімге керек емессіз. Жұрттың мойнына салмақ боласыз. Бүгінгі қоғамның қай өкілі де мұны қаламайды, бұған дейін де қалаған емес.

Тағы бір мысал етер мамандық бар. Ол – газ электрмен пісіруші. Темірден түйін түйіп, бір-біріне желімдей жабыстыратын бұл мамандар қайда болса да қат. Үлкен-үлкен қалалардың жылу құбырын да еш кілтипансыз жасайтын да сол кісілер. Көкпен тірескен зәулім ғимараттардың қаңқасын салатын да сол мамандар. Міне, олардың еңбегінен біз жылу аламыз. Біз оларға мұқтажбыз. Сондықтан қадірлеуіміз керек.

Ал мен өзім дәрігер болғым келеді. Абай айтқан бес асыл іске жақын, бес дұшпаннан бойымды аулақ салып, осы мамандықтың шыңына шықсам деймін. Қауіпсіз мамандық деп айта алмаймын, әр саланың өзінің қатері болады. Ал Гипократ антына берік болып, кір шалмаған арымдай ақ халатты таза ұстап, елдің көдесіне ассам деймін. Өрине, осы адамн, осы мақсат мені биікке бағыттайтынына кәміл сенемін. Елдің амандығы жолында алаң болып, кіндігімнің қаны тамған жерге мандайымның терін төккім келеді. Бұл – тәуелсіз Қазақстанның, Алтай мен Атырау арасындағы ұланғайыр атыраптың бір перзенті ретіндегі менің ұлы мақсаттарымының бірі болғай.

Ұлы ғұлама Абай: Сақалын сатқан кәріден, Еңбегін сатқан бала артық. Бақпен асқан патшадан, Минымен асқан қара артық, – деген екен. Мен маңдайдағы бағымды қауіпсіз еңбектен тапқым келеді. Өйткені, жаңарған қоғамның, дамыған мемлекеттің әрбір қадамындағы тер төгер сала қауіпсіз болуға тиіс.

Жанерке РАШИД,
№171 Ғани Мұратбаев атындағы орта мектептің оқушысы.
Қызылорда қаласы



ТҰМАУДЫ ТҰСАУЛАЙМЫН ДЕСЕҢІЗ...

ЖРВИяғни «жігіреспираторлы вирусты инфекция» **ауруларына тұмау және жоғарғы тыныс жолдарын зақымдайтын бірнеше аурулар түрлері жатады. Оларға тұмаудан баска парагрипп, аденовирсты, риновирусты т.б. көптеген вирусты жұқпалар жатады. Бұл аурулардың қоздырғыштары әртүрлі вирустар (А,В,С) және олар әлемде кен таралған.**

Әрбір ересек адам кем дегенде жылына 2 рет, оқушылар 3 рет, мектеп жасына дейінгі балалар 6 ретке дейін тұмау немесе ЖРВИ-мен аурады. Біздің жерлерде тұмаудың бас көтеруі суық түскен қыс айларында басталып, кейде көктемге дейін созылуы мүмкін. Тұмау, жігіт вирусті инфекциялар тыныс жолдарының зақымдануымен және ағзаның улануымен көрінетін ауру.Тұмау вирусы ауа арқылы наукас адам жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлегенде қоршаған ортаға таратылып сау адамдарға жұғады, әсіресе жұғу мүмкіндігі бастапқы күндері өте жоғары. Жас балалар мен жүкті әйелдер және карт адамдар немесе созылмалы ауруы бар адамдар үшін тұмау өте қауіпті. Өйткені бұл адамдарда тұмау ауыр түрде өтеді және асқынуларға әкеліп соқтырады.

Ауырғандардың 10-15%-ы асқынуга шалдығады. Ең жиі кездесетін асқынулар: өкпенің қабынуы, отит, гайморит, менингит. Тұмау мен ЖРВИ клиникасы кенеттен басталады: дене қызуының көтерілуімен 38-39С-ға дейін, әлсіздену, бас ауырып адам дел-сал күйде болады, сонымен қатар құрғақ жөтел, тамақтың жиыбырлауы, дауыстың қарлығуы, кеуденің ашып ауыруы. Егер ауырған адам дер кезінде емделсе тұмаудан 5-7 күн ішінде айығып кетуге болады. Тұмаудың жеңіл және орташа ауыр түрлерін учаскелік дәрігер немесе отбасылық дәрігердің бақылауымен үйде емделеді, ал ауыр және асқынған түрлері жұқпалы аурулар ауруханасында емделеді.

Ең негізгі міндетті шарт наукасты оқшаулау, жеке басының гигиеналық тәртібін сақтау. Әр адам тұмау кезеңінде беттерде тағып жүргені дұрыс. Наукас адам тұмау басталысымен міндетті түрде дәрігерге қаралуы керек. Тұмаудың алдын алу жолдары: тұмау маусымы басталар алдына 1-2 ай бұрын тұмауға қарсы вакцинация алуы керек. Вакцина салу 6 айлық кезден басталады. Әсіресе балабақша, мектеп оқушылары, созылмалы аурулары бар кісілер, жүкті әйелдер, медицина қызметкерлері, мұғалімдер, студенттер, транспорт және халыққа қызмет көрсету жүйесімен айналысатын адамдар алуы керек. Вакцинадан кейін иммунитет 2-4 аптада адам ағзасына үйренеді және жыл бойы сақталады. Сол үшін вакцинаны жыл сайын салдыру қажет. Инфекциялық, жедел инфекциялық наукастарда және созылмалы аурулары қозу кезінде вакцина салу кері әсер етеді. Бұл кісілерге вакцина сауыққаннан кейін бір аптадан соң салынады. Тұмау ауруының және жедел ішек аурулары қозуы кезінде вакцина салу дене температурасының қалыпты жағдайға түскен кезінде жүзеге асады.

Г.ТАЖБЕНОВ,
Қызылорда бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

ҰЛҒАЙСА ЖАСЫҢЫЗ, ҚАУІПТЕН ҚАШЫҢЫЗ

КАРТ АДАМДАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ – ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫҢ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ. ЖАС КЕЛЕ АУРУШАҢДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАЙДЫ. ЕГДЕ ЖАСТА АҒЗА ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ БАЯУЛАЙДЫ, ЗАТ АЛМАСУ ТӨМЕНДЕЙДІ, ИММУНИТЕТ ӘЛСІРЕЙДІ. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ЖҮРЕК-ҚАН ТАМЫР, ЭНДОКРИНДІК, ТІРЕК-ҚИМЫЛ, ТЫНЫС АЛУ ЖӘНЕ КОГНИТИВТІК БҰЗЫЛЫСТАРДЫҢ ДАМУ ҚАУПІ АРТАДЫ. СОНДЫҚТАН АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫН ДҰРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУ АУРУЛАРДЫҢ ЕРТЕ ПАЙДА БОЛУЫНА ЖОЛ БЕРМЕЙДІ ЖӘНЕ ӨМІР САПАСЫН САҚТАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.



Егде жаста жиі кездесетін аурулардың негізгі топтарына жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары, артериялық гипертония, ишемиялық жүрек ауруы

және инсульт жатады. Ал оның негізгі себептері ретінде қан тамырларының серпімділігінің төмендеуі, артық салмақ және аз қозғалысты қарастыруға болады.

Мәселен, 2-ші типтегі қант диабетін алайық. Адамдардың жасы ұлғайған сайын инсулинге сезімталдық азаяды. Шөлдеу, жиі шаршау белгілері байқалады. Жүрек, бүйрек, көз зақымдануларына әкеледі. Ал жиі кездесетін тірек-қимыл аппараты ауруларына остеопороз, артроз және артрит жатады. Салдары: қозғалыстың шектелуі, құлау қаупінің жоғарылауы байқалады.

Тағы бір жиі кездесетін ауру түрі – тыныс алу жүйесі аурулары. Бұл қатарда экология, темекінің түтіні, әлсіз иммунитеттің салдарынан болатын тыныс жолдарының жіті инфекциялық аурулары, пневмония, созылмалы бронхит және бронх демікпесі жатады.

Қарт және егде жастағы адамдардың жүйке жүйесі және сезім мүшелерінің ауруларға деменция, альцгеймер, глаукома, катаракта және көздің қабыну аурулары жатады. Себептері:

нейрондардың қартаюы, әлсіз қан айналымы, стресс.

Қазақта «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген бар. Бұл аурулардың алдын алудың бірнеше жолы бар. Ең әуелі, дұрыс және теңгерімді тамақтану керек. Нәтижесінде қан қысымы реттеледі, диабеттің алдын алады, жүрек жұмысы жақсарады. Екіншіден, физикалық белсенділік қажет. Бұл қадамының нәтижесінде жүрек, қан тамыр, сүйек, буын, зат алмасу жұмыстары жақсарады. Үшіншіден, психологиялық денсаулықты сақтау – маңызды. Мұның когнитивтік бұзылыстардың алдын алуға көмегі зор. Тағы бір қадам – медициналық тексерулерден уақытылы өту. Сонымен қатар, тұрмыстық қауіпсіздік шаралары да маңызды рөл атқарады. Егде жаста құлау – негізгі қауіп факторларының бірі.

Галия ЖАРМАҒАНБЕТОВА,
Қызылорда медициналық жоғары колледжінің «Мейіргер ісі негіздері» пәнінің оқытушысы

Басы 1-бетте

Өткенге көз тастасақ, мәнерлеп сырғанау десе, ел аузына бір ғана спортшы келетін. Ол Денис Тен еді. Білесіз бе, келместің кемесінен орын тапқан спортшымыз да 2014 жылы Сочиде өткен қысқы ойындарда өнер көрсетуге 14 ақпан күні шығып қола жүлдеге қол жеткізген. Бұл сәйкестік пе?

32 ЖЫЛ КҮТКЕН АЛТЫН ЖҮЛДЕ

Михаил басты бәйгеге бас қояр алдында әлеуметтік желідегі бей-нежазбасы ел жүрегін елжіретті. Онда Михаил Дениске қарап тамсанып тұрғаны бейнелеген. Осы тұста спорт сарапшысы Шамкен Байырбектің сөзінше, Миша жарыстағы үлкен қысымды жеңе білді.

– Михаил Шайдоров алғашқы қысқа бағдарламаны жинақы, қатесіз, таза сырғанады. Әрбір элементті сенімді орындап, техникалық тұрғыдан мінісізге жуық өнер көрсетті. Соған қарамастан, алған ұпайы сәл төмендеу болды. Шынын айтқанда, бұдан да жоғары баға беруге толық негіз бар еді. Дегенмен төрешілер тарапынан белгілі бір «сараңдық» байқалғандай әсер қалдырды. Жалпы, мәнерлеп сырғанау – субъективті спорт түрі. Бағалау кезінде тек техника ғана емес, әсер, бедел, жарыс қожайыны факторы да рөл ойнайтыны жасырын емес.

Төртінші орын алған италиялық спортшы Даниэль Грассльтен асырмайтындай есеппен ұпай қойылғандай көрінді. Михаил бесінші орынға тұрақтағанда, медальдан алыстап кеткендей әсер болды. Алайда бұл оның алғашқы Олимпиадасы екенін ескерсек, ол қысымды керемет еңсере білді, – дейді Шамкен Байырбек.

Жарыстың қорытындысы бойынша екінші орынды атағы жер жарған жапониялық Юма Кагияма иеленді. Олимпиадалардан бірегей күміс алып жүрген спортшыдан халық үлкен нәтиже күтті. Дегенмен күміс медаль да жаман нәтиже емес. Ал үздік үштікті тағы да бір жапондық Шун Сато тұйіндеді. Иә, бәрінің бұл жарысты үлкен таңғалыспен қарағаны рас. Себебі соңғы жылдары өз қарсыластарына дес бермей, 4 аксельдің каролі атанып кеткен Илья Малинин өрескел қателіктерінің кесірінен жүлдесіз қалды. Қаншама болжамдар осы Ильяның жеңісіне бағытталған еді. Дегенмен бұйырғаны сол. Спорттың аты – спорт. Жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді.

Күдіктенгендер көп болды

Миша қысқы Олимпиада ойындарына алғашқы рет қатысып отыр. Сондықтан бәйге басталмай тұрып, сары бала медальға таласа алмайды деген күмән көп болды. Бірі үздік 5-тен көрінеді десе, бірі кем дегенде қолаға қанағат тұтуымыз керек десті. Спорт сарапшысы Шамкен Байырбек те спортшының өнер тамашалап отырып, алған әсерін жасыра алмады.



– Тікелей эфирде жүргізіп отырып, өзіміз де сенбей қалдық. Алғашында қола медальға қанағат тұтып отырған едік. Күміс анықталған сәтте студияда эмоциямызды жасыра алмадық. Ал алтын жарияланған кезде қол-аяғымыз дірілдеп кетті. Сол кездегі тарихи сәттің куәсі болғаныма қатты қуаныштымын. Меніңше, Олимпиадада мәнерлеп сырғанаудан жүлде алу – қысқы спорт түрлерінің ішіндегі ең беделді жетістіктердің бірі. Өйткені бұл Олимпиада бағдарламасына ежелден енген, ең көркем, ең әсем, бекзат спорт түрі. Оның үстіне сұранысы да жоғары. Финал билеттерінің құны 750 еуродан басталғаны – соның айқын дәлелі. Бұл Олимпиададағы ең қымбат спорт түрлерінің бірі болды. Одан бөлек, аренаның лық толуы, Михаил алтын алған сәтте әлеуметтік желілер мен әлемдік басылымдардың жарыса жазуы жеңістің маңызын еселей түсті, – деді ол.

Дода аяқталды. Таблодағы тізімнің көшін Михаил Шайдоров бастап тұр. Ол өзі де мұндай тарихи сәтті таңбалағанына сенбей көзіне жас алып, қуанышымен бөлісті.

– Шынымды айтсам, әлі де сене алар емеспін. Маусым бойы өз-өзіммен күрестім. Бұл маусым мен үшін аса ауыр болды. Жарыстарда бес бірдей төрттік секіруді шамамен үш рет орындап көруге тырыстым, бірақ бірде-бір рет сәтті шықпады. Ал бүгін бәрі сәтті орындалды. Сәті түсіп, қолымнан келді. Мен бұл Олимпиадаға ұзақ дайындалдым. Маусым бойы бар ойым өз ісімді адал атқару болды. Енді еңбегімнің жемісін көріп отырмын. Бұл медальды Қазақстан халқына арнаймын.

Қолдау керемет болды. Әлеуметтік желіге кіру мүмкін болмады. Трибунадағы жанкүйерлердің қолдауы ерекше сезілді. Бәрі кино сияқты. Әзірше не болып жатқанын толық сезініп үлгермедім.

Бұл медаль мен үшін де, еліміз үшін де аса маңызды. Қазақстанда мәнерлеп сырғанаудың дамығанын қалаймын. Сол үшін бар күшімді саламын. Жағдай жасалып, жастарға мүмкіндік берілсе екен деймін.

Менің медалім Денис Тен үшін де маңызды болар еді деп ойлаймын. Ол бізге жол ашты. Оның да жолы оңай болған жоқ, менікі де жеңіл болмады. Қазақ мәнерлеп сырғанауының дамуына қосқан үлесі үшін Дениске алғыс айтамын, – деді Олимпиада чемпионы.

Аламанда асығы алшысынан түсті

Біреу білсе, біреу білмес, Михаил Шайдоров – әкесінің жолын қуған жігіт. Әкесі – Станислав Шайдоров, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, ұлының алғашқы бапкері. Михаил ең алғаш 2010 жылы мәнерлеп сырғанауды бастады. Дәл осы сәттен оның үлкен спорттағы жолы басталған. Әкесі оған тек техниканы ғана емес, тәртіп пен мінезді, еңбекқорлықты да үйретті. Кейін әкесінің бастамасымен Михаил Сочиге қоныс аударып, олимпиада чемпионы Алексей Урмановтың жетекшілігімен жаттыға бастады. Бұл шешім оның кәсіби деңгейге көтерілуіне айтарлықтай ықпал етті. Міне, осылайша, 2026 жылғы Олимпиада алтынына апарар жол 16 жылға созылған екен. Мұндай ұзақ әрі ауыр жолды кез келген адам еңсере алмайды. Әсіресе, алты жасқа толмай жатып коньки киген баланың әлемдік биікке көтерілуі күнде кездесе бермейтін құбылыс.

Олимпиада да Михаилдың басты қаруы төрт айналымды бес секіру болды. Ол үштік аксель – ойлер – төрттік сальхов каскадын, төрттік лутц, төрттік тулуп, төрттік флип, сондай-ақ төрттік тулуп – үштік тулуп каскадын сәтті орындады. Нәтижесінде, еркін бағдарламада 198,64 ұпай жинап, қос сайыс қорытындысында 291,58 ұпаймен қарсыластарын артта қалдырды. Қазір Шайдоров алтын медаль жеңіп алғаннан кейін Халықаралық конькимен сырғанаушылар одағының (ISU) рейтингісінде 4961 ұпаймен үшінші орынға көтерілді.

Михаил Шайдоровты Олимп шыңына жетелеген бапкер, даңқты спортшы, Олимпиада чемпионы Алексей Урманов «Мишаның жай ғана жолы болып кетті» деген сұраққа былай деп жауап берді:

– Біріншіден, шын мықтылардың ғана жолы болады. Екіншіден, басқалардың қалай өнер көрсеткеніне, не істегеніне біз жауапты емеспіз. Олар мұны өздері істеді ғой. Михаил Шайдоров абсолютті түрде, шынайы күресте 100-200 емес, миллион процент жеңіске жетті. Ауысымдағы ең басты сын Милан мен Кортинада өткен Олимпиада ойындары болды. Бар күш-жігерімізді дәл осы додаға бағыттадық. Негізгі мақсат Олимпиадада жоғары нәтиже көрсету еді. Соған жеттік те. Ал маусымның басындағы турнирлердің мәні неде? Олар – ізденіс пен талдау кезеңі. Қай элемент жүріп тұр, қайсысы шикі, қандай бағдарлама спортшыға көбірек ашылады – осының бәрін саралайтын уақыт.

«Scate America» турнирінен кейін біз өткен маусымдағы «Дюна» бағдарламасын қайта алып шығу жөнінде шешім қабылдадық. Себебі жаңа қойылымның толық ашылмай жатқанын, техникалық әрі эмоциялық тұрғыда еркін сырғанауға кедергі келтіріп тұрғанын түсіндік. Бұл – спорттағы қалыпты үдеріс. Тек Шайдоров емес, әлемдегі талай мықты фигурист қажет кезінде бұрынғы сәтті бағдарламасына қайта оралып жатады, – дейді Алексей Урманов.

Италия елінде дода жалғасып жатыр. Мишаның алтынынан кейін тағы бір медаль алсақ деген дәмеміз бар. Ендігі бар назарымыз – шорт-трекші Абзал Әжіғалиевте. Жеңісті жорығымыз сәтімен болсын!

«BATYRZHAN CUP»: ҮЗДІКТЕР БӘСЕКЕСІ



Жыл сайын Қызылорда қаласында дәстүрлі түрде шағын футболдан «Batyrzhan Cup» турнирі өтеді. Ауған соғысының жауынгері Батыржан Шалғынбаевты еске алуға арналған бәйге биыл 30-мәрте жалауын желбіретті. Екі күнге созылған додада кіл сен тұр мен атайын 24 команда бақ сынады. Нәтижесінде үздіктердің үздігі болып, «Altimus» командасы жеңімпаз атанды.



6 топқа бөлінген ойындар Евразия, Шұғыла спорт кешендері және Шанхай мөлтек ауданындағы №2 кешенінде өтті. Әрбір топтан шыққан 2 команда Евразия спорт кешенінде бас қосып, плей-офф ойындарын өткізіп, жолдамаларды сарапқа салды.

Бір мезетте бұл жарыс әуесқой турнирден гөрі футболдан Азия чемпионатына көбірек ұқсап кетті десек болатын шығар. Өйткені басым көпшілігі жергілікті командалар болғанымен, құрамында Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей, Иран, Қырғызстан елдерінен келген ойыншылар көп болды. Сондай-ақ бірнеше құрамда бразилиялық бірнеше футболшы өнер көрсетті. Мұнан бөлек, турнирде Қазақстан Бірінші лигасының барлық аяқдопшылары төбе көрсетті. Мұнан бөлек төрешілер құрамы да еліміздің әр өңірлерінен жиналды.


Қызылорда жанкүйерлерін ерекше атап өткен де жөн. «Евразия» спорт кешенінің трибуналары таң атпастан лық толып, түнге дейін залда керемет атмосфера сақталды. Қала үшін аталмыш турнир үлкен футбол мерекесіне айналды.

Жартылай финалдық ойындардан кейін сүрінген қос команда «Adam Arafat» және «Turkistan» жігіттері қола жүлдені сарапқа салды. Нәтижесінде 6-2 есебі тіркеліп, «Adam Arafat» командасы турнирдің 3 орын иегерлері атанды.

Ал актық сында кездескен «Altimus» пен «Кентау» командалары арасындағы ойында жеңімпаз негізгі уақытта анықталмай, барлығы пенальти сериясында шешілді. Қарсыласы Мачадо Густавоның соққысын тосқан қақпашы Берік Сәрсенбаев, жігіттерді бір қадам жеңіске жақындатты. Ал шешуші соққыны «Altimus» командасының негізші аяқдопшысы, Өзбекстан құрамасының экс ойыншысы Жавлон Аноров сәтті орындап, қалқанқұлақ кубокты бастан асырды.

– Команданың құрылғанына 4 жыл уақыт болды. Осы уақыт ішінде талай турнирде топ жардық. Бірақ көптен жоспарлап жүргеніміз осы Батыржан Шалғынбаев атындағы турнирді жеңу еді. Өйткені бұл еліміздегі басты бәйгелердің бірі. Бұл доданы Қазақстан емес, өзге де мемлекеттегі ойыншылар асыға күтеді. Өткен жылы финалда жеңілгенбіз. Бірақ осы жылы сол есемізді қайтарып, чемпион болу бұйырыпты. Ұйымдастырушыларға, барлық қатысқан командаларға алғысымды білдіремін. Барлығы жоғары деңгейде өтті, – деді команда жетекшісі Рамазан Әлиев.

Айта кетейік, турнирдің үздік ойыншыларына арнайы сыйлықтар үйлестіріліп, көрермендер арасындағы үздік жанкүйерлерге де сый-сыяпаттар таратылды. IV орын иегерлеріне 1 миллион, III орынға 2 миллион, II орынға 4 миллион және жеңімпаз командаға 7 миллион теңге үйлестірілді. Сонымен қатар медалдар мен арнайы дайындалған 20 келі кубок табысталды.



ТАЯҚШАСЫНЫҢ ТАРИХЫ

Еуропада адамдар қолмен тамақ жеп жүрген кезеңде Шығыс елдерінде ас ішу мәдениеті әлдеқашан қалыптасқан еді. Соның ең айқын белгісі – таяқшамен тамақтану дәстүрі. Бұл үрдіс қайдан шықты? Аңыз ба, әлде тарихи шындық па? Шынымен де оған үш мың жылдан асты ма? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Шығыста таяқшамен тамақтану туралы халық арасында кең тараған аңыз бар. Онда бір ұлы император жорық кезінде қатты ашығып, аспаз дайындаған ыстық етті жегісі келеді. Алайда жанында қасық та, өзге құрал да болмайды. Күте алмаған император жақын маңдағы ағаштан екі бұтақты сындырып алып, сол арқылы етті алып жейді. Содан бастап таяқша қолдану дәстүрге айналған деседі.

Әрине, бұл аңыз ғана. Бірақ археологиялық қазбалар кезінде б.з.д. шамамен 1200 жылға тиесілі ас таяқшалары табылған. Демек, бұл құралдың тарихы үш мың жылдан асып жығылады. Яғни, аңыз болмаса да, дәстүрдің тамыры тым тереңде жатыр.

Тарихшылардың пікірінше, бүгін біз білетін үлгідегі таяқшалар Қытайда Тан әулеті дәуірінде (б.з. VIII ғасыр) кең тарай бастаған. Ол кезде адамдар орман ағашын қарқынды түрде пайдаланып, отын аса қымбат ресурсқа айнала бастаған. Сондықтан жанып жатқан отынның үстінде тағамды мүмкіндігінше тез дайындау маңызды еді.

Осы қажеттіліктен тағамды ұсақтап турап, тез қуыру тәсілі пайда болды. Бұл әдіс қазіргі таңда «вокта пісіру» деп аталады. Ұсақ кесілген тағам тез дайындалатындықтан, дастарқанда пышақтың қажеті болмады. Ал кішкентай бөліктерді таяқшамен алу өте ыңғайлы еді. Уақыт өте келе бұл тәжірибе мәдени дәстүрге айналып, бүгінге дейін сақталып келеді.

Шығыс мәдениетінде пышақ тек тұрмыстық құрал емес, соғыс қаруының нышаны ретінде қабылданған. Сондықтан оны дастарқан үстіне қою – бейбіт көңіл күйге қайшы саналды. Бұл жөнінде ұлы ойшыл Конфуций (б.з.д. V ғасыр) «ас үстелінде соғыс құралына орын жоқ» деген мазмұнда пікір айтқан.

Осы көзқарасқа сәйкес, пышақсыз тамақтану – тыныштық пен үйлесімділіктің белгісі. Тіпті қос таяқша Шығыстың «Инь» мен «Ян» ұғымдарының символы ретінде қарастырылады. Бір таяқшамен ештеңе істеу мүмкін емес, екеуі бірігіп қана қызмет атқарады. Бұл – тепе-теңдік пен өзара тәуелділіктің көрінісі.

Шығыс асханасында тағамнан бөлек, оны тұтыну әдебі де маңызды. Мысалы, таяқшаны тағамға тік қадап қоюға болмайды. Бұл – аса құрметсіз қылық. Себебі таяқшаны тігінен қою тек еске алу рәсімдерінде ғана жасалады. Сондықтан мұндай әрекет үй иесіне ауыр тиіп, әдепсіздік саналады.

Таяқшамен тамақтану дәстүрі Жапонияға шамамен б.з. III ғасырында жеткен. Алғашында бамбуктан жасалған қарапайым таяқшалар қолданылса, кейін жапондар оларды жетілдіріп, арнайы тұғыр, яки таяқша қоятын шағын тіреу ойлап тапты. Дәстүрлі дастарқанда таяқшаның жіңішке ұшы сол жаққа қаратып қойылады.

Жапондар бұл дәстүрді одан әрі дамытып, сәбидің «алғашқы таяқшасы» атты ерекше тұрып енгізді. Бала жүз күнге толғанда оған алғашқы таяқша сыйға тартылады. Зерттеулерге сүйенсек, баланың ерте жастан таяқша ұстауды үйренуі ұсақ моториканы дамытып, жазуды тез меңгеруіне оң әсер етеді.

Таяқшамен тамақтану – жай ғана ас құралы емес, мыңжылдықтар бойы қалыптасқан мәдениет, философия және өмір салты. Оның астарында үнемшілдік те, бейбітшілік ұстанымы да, эстетика да жатыр. Сондықтан Шығыс халықтары үшін таяқша – дәстүрдің, тәртіптің және үйлесімділіктің белгісі.

Аружан ОРАЛБАЙ

«ШОЛПАННЫҢ КҮНӘСІ»:

Жақында Қызылорда қалалық «Жастар театры» көрермен назарына «Шолпанның күнәсі» қойылымның премьерасын ұсынды. Алаштың ардақтысы, нәзік лирик ақын, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мағжан Жұмабаевтың шоқтығы биік туындысы – «Шолпанның күнәсі» әңгімесінің желісімен сахналанған трагедия жаңа дем алып, театр сахнасында қайта тірілді. Мағжан Жұмабаевтың бұл шығармасы – қазақ прозасындағы психологиялық тереңдігімен ерекшеленетін туынды. Театр сахнасында көрініс тапқан нұсқада қоғамдағы адам тағдыры, әйел бақыты мен ер азаматтың абыройы, сондай-ақ сәби сүйе алмай жүрген жандардың ішкі күйзелісі бейнеленген. Қойылым желісі перзентсіздіктің тауқыметін тартқан Шолпан есімді әйелдің махаббат пен ар-ұят алдындағы жантүршігерлік ішкі арпалысы мен оның жұбайы Сәрсенбайдың дәрменсіздігі, шарасыздығы айналасында жүйелі жеткізілген.



ТАҒДЫРДАН ТЕПЕРІШ КӨРГЕН

Қойылымдағы әрбір кейіпкер – бүгінгі қоғамның бір бөлшегі іспетті. Басты кейіпкерлердің бірі Әзімбай образынан жастар арасындағы тұрақсыздық, жауапкершіліктен жалтару секілді көріністерді аңғаруға болады. Қойылымның негізгі идеясы – бедеулік, тұрмыстық зорлық-зомбылық, отбасы құндылығы сынды өзекті мәселелерге құрылған.

Қойылымның режиссері Берік Ахмед бұл күрделі шығарманы таңдау себебін жай ғана шығармашылық ізденіс емес, өмірлік қажеттілік деп түсіндірді. Ол қазіргі қоғамдағы отбасылық трагедияларды сахна тілімен сөйлеткісі келгені туралы баяндап берді.

– Білемін, шығармалар көп. Қазақ әдебиеті әңгімелер мен романдарға бай. Бірақ мен өз ортамада, достарымның, туған-туыстарымның арасында бала сүйе алмай жүрген, перзентті болу үмітімен әулие аралап, балгер жағалап, Құдайдан тілеп, тіпті ағайын-туыстың баласын сұрап жүрген адамдарды өте көп кездестірдім. Бұл – бүгінгі күннің жасырын қасіреті. Күндердің бірінде Мағжанның осы шығармасына тап болдым. Оны оқып отырған сәтте көз алдыма бірден сахналық көрініс елестеді. Қойылымды қандай деңгейде және қалай қоятынмын сол мезетте айқын болды. Біз мұны бүгінгі көрерменнің жүрегіне жететіндей етіп жеткізуді мақсат еттік, – дейді режиссер Берік Ахмед.

Психологиялық ауыртпалығы мол туынды көрерменге ғана емес, актерлерге де оңай соқпады. Театрдағы басты рөлді – Шолпанды сомдаған жас актриса Аружан Серік кейіпкерін сомдау барысындағы қиындықтарымен бөлісті. Оның айтуынша, Шолпанның жай-күйін түсіну үшін үлкен ішкі дайындық қажет болған.

– Қойылымға дайындалуға шамамен 2,5 ай уақыт кетті. Басында маған өте қиын болды. Мен Шолпанды түсінбедім, қабылдай алмадым. Ол – менің болмысыма мүлде кереғар кейіпкер. Ол жұрттың сөзіне тәуелді, «ел не дейді» деген қорқынышпен өмір сүреді және соған еріп кетеді. Кейіпкерім жасаған барлық күнәлары үшін жауап береді. Бірақ Шолпан мұның бәрін саналы түрде емес, ессіз кейіпте жасайды. Мен оның қабылдаған шешімдерімен келіспеймін. Алайда ол да бақытты болуға лайықты деп санаймын. Мен Шолпанды қатты аяймын, оған жаным ашиды. Сондықтан қойылымда мен оны қолдауға тырыстым. Бұл шығарма – қоғамның айнасы. Сондықтан қойылымнан кейін әркім өзіне керек ойды түйіп, қорытынды жасайды деп сенемін, – деді ол.

Режиссер Берік Ахмед театрдың қоғамдағы рөлі және аймақтағы театр мәдениетінің деңгейі туралы өзінің пікірін білдірді.

– Бізде «театр – тәрбие, мәдениет орны» деп айтады. Бірақ мен бұл тұжырыммен

келіспеймін. Театр – өнер көрсететін орын. Менің жастарға айтар өтінішім бар. Қызылордада театр мәдениеті дамыса екен деймін. Кейде біз халық үшін жұмыс істеп кетеміз. Халықтың көңілінен шықсақ дейміз. Бірақ театр оның жетегінде кетпеуі керек. Театр халықты өсіруі керек. Театр едес біз жылап қайтатын, мән-мағына ұғып қайтатын жерді елестетеміз. Бірақ бұл тек біркелкі жанр емес, мұнда әртүрлі бағыттар бар. Бұл психология, детектив, комедия, музыкал.

Астана, Алматы қалаларында театр мәдениеті дамыған. Ол жақта билеттің бағасы жоғары. Бір-екі ай бұрын билет алу қалыпты дүниеге айналған. Ал бізде мұғалімдерді, студенттерді, оқушыларды қинап әкелетіні мен үшін жүректі ауырта-тын мәселе. Жастар ақшаны ойын-сауыққа құртқанша, кітап оқуға, театрға баруға уақыт арнап, білім нәрімен сусынданса екен деп есептеймін. Сонда ғана біз ойлы, көкірегі ояу ұрпақты көре аламыз, – деп түйіндеді сөзін режиссер.

«Шолпанның күнәсі» – Қызылорда театры үшін жаңа тәжірибе, ал көрермендер үшін ой-толғау мен сезім толқыныстарына толы болды. Бұл қойылым көрерменді тек өткен ғасырдың оқиғасымен емес, бүгінгі күннің отбасылық және рухани мәселелерімен бетпе-бет әкелді.

Мерей ШӘКРАТ



ӨМІРДЕН КЕЙІН НЕ БАР?

Адамзат баласы «Өлімнен кейін не бар?» деген сауалды сан ғасыр бойы санасында сапырылыстырып келеді. Бірі оны сеніммен, бірі ғылыммен өлшейді, бірі жүрекпен, бірі ақылмен зерделейді. Сол ізденістің өзегінде жатқан көне ұғым – реинкарнация, яғни жанның қайта тууы, бір жанның басқа денеде жаңа өмір бастауы.

Реинкарнация ұғымы тек философиялық немесе мистикалық әңгіме ғана емес, себебі ол ғалымдардың да назарында. XX ғасырдың ортасында канадалық-американдық психиатр Ян Стивенсон адамдардың өткен өмірлеріне қатысты болжамдарды ғылыми тұрғыдан зерттеуге өмірін арнады.

Стивенсон зерттеуінің басты бағыты –

балалардың өткен өмірі, өткенін есіне алу жағдайлары. Ол әлемнің түрлі елдерінде, әсіресе Үндістан, Шри-Ланка және басқа да мәдениеттерде – 2-4 жас аралығындағы балалардың бұрынғы өмір туралы егжей-тегжейлі мәлімет айту фактілерін жинақтады.

Бұл балалар тек «біреу туралы» айтып қоймайды, олар алыс-жақын адамдардың атын, отбасылық жағдайын, қайтыс болған күнін және оқиғалар тізбегін дәл сипаттайды. Кей жағдайда балалардың туған кездегі дақтары немесе туа біткен белгілері олардың айтқан өткен өміріндегі жаракаттармен сәйкес келеді деген дерек те бар.

Мысалы, Стивенсонның кейбір жинақтары туған кезде денесінде ерекше белгімен туған балалардың осы белгі өткен өмірінде ауыр жаракат алған адамның жарасына сәйкес келгенін көрсетеді. Бұл сәйкестіктер зерттеушілер арасын-

да да үлкен қызығушылық тудырған.

Айта кетерлігі, Стивенсон мен оның ізбасарларының жұмыстары ғылыми қауымдастықта кең қолдауға ие емес. Көптеген ғалым осы зерттеулерді псевдоғылым ретінде бағалайды, себебі қазіргі ғылым жан және сана мәселесін материалдық ми жұмысы аясында түсіндіреді, және реинкарнацияны дәлелдейтін объективті механизм жок деп есептейді.

Мұндай сындар зерттеулердің көбіне анекдоттық сипатта болуы, зерттелген адамдардың тікелей зертханалық бақылауда болмауы және көптеген жақсы қадағаланған бақылаудың жоқтығымен байланысты. Осы себепті, Стивенсонның еңбектері толық дәлелденген ғылыми факт ретінде емес, ойлан-дыратын және жаңа сұрақтар туғызатын құнды деректер жиынтығы ретінде бағаланады.

Ғалымдар ғана емес, әдебиет пен кино-индустрия да реинкарнация тақырыбын жиі қолданады. Түрлі керемет кинотуынды осы тақырып аясында жарық көрді. Бұл идея адамға өзінің өмірін қайта бастау мүмкіндігін беретін «екінші мүмкіндік» туралы терең тарихи мифтермен үндеседі. Мысалы, Үндістан мен Тибет философиясында жанның қайта тууы – өмірдің мағынасы мен моральдық сабақтарының бір бөлігі.

Реинкарнацияны кей мәдениеттерде руханияттың бір бөлігі ретінде қабылдайды, ал кейбір дінде оны сенім ретінде жоққа шығарады. Ислам бойынша, мәселе басқа терминдермен және сенім жүйесімен түсіндіріледі, бірақ жанның денеден денеге көшуі туралы идея әрқашанда даулар тудырған.

Реинкарнация – жауап берілмеген сұрақтар мен түрлі мәдениеттердегі түсініктердің қиылысы. Ғылыми зерттеулер кейбір жағдайды түсіндіре алғанымен, бірақ бүгінгі ғылым жанның өлмейтіні туралы нақты дәлел бере алмайды. Бұл тақырып адамзаттың өзін-өзі танып, өмір мен өлім мағынасын іздеу жолындағы ең жұмбақ, ең әсерлі сұрақтардың бірі болып қала береді. Ал сіз реинкарнацияның барына сенесіз бе?

Қорлан САРЫ

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі			
 Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген. «Ақмешіт жастары» республикалық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.	БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ	Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	
	Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10 БАС РЕДАКТОР Дәулет ҚЫРДАН	Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz	Кезекші редактор: Мерей ШӘКРАТ Таралымы: 5110 Тапсырыс: 289